



**УДК 070  
ББК 76.01  
Т70**

**Жобажетекшісі:** Әйгерім Мекишева

**Қазақ тілдегі нұсқасының редакторы әрі аудармашысы:** Гүлмира Қамзиева

**Дизайн/Беттеу:** Анастасия Артюхова

**Корректорлар:** Любовь Кравцова, Сәуле Сүбебаева, Қазыбек Қабжан

**Фактчекинг журналистика зерттеуінің тренді: мүмкіндігі мен болашағы.**

**Практикалық оқулық**

**Автор:** Александр Гороховский, 2017 – 105 бет

**Алматы**

ISBN 978-601-7222-09-3

«Фактчекинг журналистика зерттеуінің тренді: мүмкіндігі мен болашағы» практикалық оқулығы деректі тексерудің, сол арқылы заманауи әлемдік медиа ортадағы жалған дерекпен күресудің негізгі тетігі болып келетін фактчекинг әдістемесін егжей-тегжей түсіндіреді. Оқулық авторы – танымал украиналық журналист, FactCheck.com.ua ресурсының бас редакторы Александр Гороховский.

Оқулық көпшілік оқырманға арналған, сондай-ақ бұл оқулық журналистика факультетінің ұстаздарына, студенттеріне, медиа-сарапшыларға, ньюсмейкерлерге, қоғамдық пікір жетекшілеріне және блогерлерге, яғни медиа саласында жұмыс жасайтындардың барлығына да өте қажетті дүние.

Кітапты Сорос-Қазақстан Қорының қолдауымен аударып, басып шығарған – MediaNet Халықаралық журналистика орталығы және Factcheck.kz ресурсы.

ISBN 978-601-7222-09-3

© Александр Гороховский

Басуға ... қол қойылды

Пішімі А4. Қунғіртті қағаз 90г/м2

Таралымы 500 экз. Тапсырыс №....

**ФАКТЧЕКИНГ  
ЖУРНАЛИСТИКА ЗЕРТТЕУІНІҢ ТРЕНДІ:**

---

МУМКІНДІГІ МЕН БОЛАШАҒЫ

ПРАКТИКАЛЫҚ ОҚУ ҚҰРАЛЫ

Александр Гороховский



**FACTCHECK.KZ**



## **МАЗМУНЫ**

1-БӨЛІМ. ФАКТЧЕКИНГ – ЖУРНАЛИСТИКАДАҒЫ ЖАҢА ТРЕНД	9
1.1. Фактчекингтің украиналық тәжірибесі	11
1.2. Чехиядағы фактчекинг. Халықаралық тәжірибе	13
2-БӨЛІМ. ФАКТЧЕК ФОРМАТЫНЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ	21
2.1. Құрылым	23
2.2. Фактчек тұжырымдамасының басты ерекшелігі	25
2.3. Фактчекинг үкімдері	27
2.4. Фактчек – қолжетімді аналитика форматы	29
2.5. Фактчектің мағына және бағыты бойынша түрлері	34
2.6. Фактчекингтің форма бойынша түрлері	36
2.6.1. Фактчек-аналитика	37
2.6.2. Фактчек-блиц	39
2.6.3. Фактчек-суперблиц	40
3-БӨЛІМ. ФАКТЧЕКИНГТЕГІ ЗЕРТТЕЛЕТІН ОБЪЕКТ	41
3.1. Жүрт алдында жасаған мәлімдеме – зерттелетін негізгі нысан	43
3.2. Мәлімдемелердің дерек көзі	46
3.3. Факт, фейк, фактoid	47
3.4. Манипуляция, популизм. Тарап себебі. Әдеттегі белгілері	50
3.5. Спикердің біліктілік деңгейіне байланысты манипуляциялық мәлімдемелердің класификациясы	56
4-БӨЛІМ. ДӘЛЕЛДЕР ҚОРЫ	59
4.1. Дәлелдер қорын құру. Қатенің алдын алу	61
4.2. Фактчек тұғырнамасы бойынша жиі пайдаланатын дәлелдеуәдісі	65
4.3. Жоққа шығару әдістері – талдап тексеру және мысалдар	68
4.4. Ақпарат көздері. Деректерді өңдеу.	71
Саяалдармен жұмыс істеу	

4.5. Жиі жіберілетін қателер – классификациясы және зерттеу нәтижесіне әсер етуі	74
4.6. Дәлелдеу тезистерінің түйткілді тұстары. Жүйелеу.	76
Оңтайландыру әдістері	
4.7. Фактчек стилистикасы, мақала атауының формуласы	80
<b>5-БӨЛІМ. ФАКТЧЕК АҚПАРАТТЫҚ ӨНІМДЕРІ</b>	83
5. Фактчек ақпараттық өнімдері	85
<b>ҚОСЫМШАЛАР</b>	91
A. Қосымшасы: Фактчекинг қалыптамасы	93
B. Қосымшасы: Фактчекинг материалдарының стилистикалық ерекшеліктері	94
B. Қосымшасы: Қазақстандағы ашық ақпарат көздері (тізімді factcheck.kz ресурсы ұсынып отыры)	96
Г. Қосымшасы: Ашық деректің халықаралық көздері	97
Д. Қосымшасы: Негізгі экономикалық түсініктер (классификациясы, белгісі)	101

## АЛҒЫСӨЗ

### Неге фактчекинг?

Фактчекинг журналистік зерттеу түрінде украиналық медиа-кеңістікке айтарлықтай жылдам келді. Біріншіден, бұл Украинаға қарсы насиҳат салдарынан болды. Себебі, насиҳат жұмыстары нәтижесінде ақпараттық ағын фейк және жалған хабарламаларға толы болды. Украинаның бұқаралық ақпарат құралдары мұндай ауқымды ақпараттық соғысқа дайын болмады. Асыра айтқандық болмас, бірақ кәсіби журналистер қолға алған фактчекинг тұжырымдамасы қарсы насиҳат «қорғанысының» форпосты на айналды.

Фактчекингті дамытудың келесі қадамы қисынды әрі занды болды... Саяси және мемлекеттік шенеуніктер ортасы жазасызыңық, жауапсыздық үақытында ауызша айла-амалдарға әбден үйреніп алғаны сонша, өтірік пен популизмді қалыпты жағдайға айналдырған. Мұнымен қоса көптеген танымал саяси тұлғалар сайлау алдындағы өзекті әлеуметтік тақырып төнірегіндегі ұрандары мен риторикасын популизм және манипуляция негізінде құрды. Өтірік уәде беріп, нақты есебі мен жоспары жоқ әрекет арқылы саяси бомонд халықтың басым көвшілігінің аңқаулығы мен мағлұматы жоқтығын пайдалана отырып, қоғамдық пікір мен елдің көніл қүйімен «ойнады». Мақсаты белгілі – экономикалық және саяси амбициясы үшін сайлаушылар қатарын көбейту.

Сол себептен аз үақыттың ішінде украиналық медиа-кеңістіктегі пайда болған бірнеше фактчекинг ресурсының мамандары үлкен көлемдегі өтірікті көріп, саясаткерлер мен шенеуніктердің ауызша айла-амалына тап болды. Бір жылдың ішінде украиналық фактчекерлер шенеуніктердің 1000-ға жуық мәлімдемесін сараптап үлгерді. Бұл мәлімдемелердің шамамен 55%-ында шындықта жана спайтын дерек берілген және «өтірік» деген үкіммен таңбаланған, 25%-ы – «жартылай шындық», тек 20%-ы ғана «шындық» болып шықты.

Көрсетілген статистиканың өзі-ақ көп нәрсені айтып түр және фактчек форматындағы зерттеу әдісін игергендерге оны айналасына барынша таратуға тұрткі болды.

Пайда болған тәжірибе фактчекингтің негізгі аспектілерін жүйелендіруге, топтастыруға және дәл украиналық медиа мен саяси кеңістігіне тән ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді. Алайда, бұл дағды басқа елдерге де жарамды.


Бұл оқулық атқарылған жұмыс тәжірибесіне тұжырым әдісін терең түсіну мақсатында теориялық базасы жинақталған квантэссенциясы бола келе, әдістің күштілігін және фактчекингтің мән-жәйін аңғартады. Белгілі бір орталарда қателесіп айтып жататындей, фактчек – азаматтардың хабардар болып отыру деңгейін көтеруге арналған алаң емес. Иә, ол бұл функцияларды орындаиды, бірақ бұл басты міндеті емес.

Бірінші кезекте, фактчекинг – саяси айла-амалды, өзекті әлеуметтік тақырыптарды көтеріп, өз мақсатында пайдалануды көздегендерді әшке-релеуге арналған тиімді құрал. Саясаткерлер мен шенеуніктердің нақты құзыретін көрсететін амал, ашиқ дерек көздеріндегі деректермен нақтыланған терең зерттеуге арналған негіз, бұл өз кезегінде біреуге іш тарту және әділетсіз деп айыптауға жол бермейді.

Тарас Шевченкодан қалған «Құресіңдер, қүресіп жығындар» афоризмін өзгертіп айтатын болсақ, былай деуге болады: фактчек тұжырымын және әсерлі әрекетін пайдалана отырып, «әшкерелендер және әшкере етіңдер».

1-БӨЛІМ

# ФАКТЧЕКИНГ – ЖУРНАЛИСТИКАДАҒЫ ЖАҢА ТРЕНД





## **1-бөлім. Фактчекинг – журналистикадағы жаңа тренд**

### **1.1. Фактчекингтің украиналық тәжірибесі**

Цифрлы технологиялардың арқасында бүгінгі таңда ақпарат – құніне екі есе көбейіп отыратын өнім. Өте жылдам тараитын ақпарат – бүгінгі құннің тағы бір ерекшелігі. Қөптеген каналдар генерациясы және ақпараттың тарауы белгілі бір пікір, тіпті жүріс-тұрыс стереотипін қалыптастыруға негіз салады. Оған PR технологиялар қатарлас келіп, медиа ағымды әсер ету құралдарымен, популизм және манипуляция элементтерімен толықтырады. Бұл «формаларды» әр деңгейде пайдалану, яғни мемлекеттаралықтан бастап ішкі саяси деңгейде пайдалану нәтижесі талқандағыш «ақпараттық соғыс» жасауға әкеліп отыр.

Бүгінгі таңда ақпараттық соғыс: халықаралық саяси, экономикалық, не-месе әскери блоктар арасында жүріп жатыр;

- жеке мемлекеттер және мемлекеттер тобымен;
- саяси блоктар, партиялар, мемлекет ішіндегі қозғалыстар;
- жеке саяси, мемлекеттік тұлғалар және қоғам қайраткерлері;
- қоғамдық беделі бар топтар.

Бұл «жауынгерлік іс» барысында спикерлер және түрлі ақпараттық платформалар (БАҚ, әлеуметтік желі) арқылы жалпақ жұртқа түзетілген пікірді міндеттеп, белгілі бір оқиғаға қажетті көзқарас қалыптастырып, баға береді. Популизм және манипуляция (көп жағдайда құмәнді дерек, бірақ шыныайы деп алдап, құжатпен дәлелденген дерек тәрізді жариялайды) бұқара санасына жаттанды саяси **клише** енгізуін ең басты әдісіне айналған.

Фактчек – бұқаралық ақпарат құралындағы дәл осы популизм мен манипуляцияны, түрлі деңгейдегі спикерлердің көпірме сөздеріндегі құмәнді деректерді әшкереуді көздеген, бірегей тұжырымы және техникалық ерекшелігі бар, қазіргі заманның зерттеу құралы.

Фактчек форматында жұмыс жасайтын алғашқы ресурстар осыдан 30 жылдай бұрын пайда болған, қазіргі кезде әлем бойынша олардың саны 114... Латын Америкасы, Африка құрлығы, Батыс Еуропа елдерінде өз фактчекинг платформалары бар. Ең ірі фактчек-ресурстар желісі АҚШ елінде, олардың саны 30-дан асады.

Шығыс Еуропа елдерінде фактчек Чехия, Польша, Литва мемлекеттерінде бар. 2014 жылы фактчек-басылымдары Грузияда, ал 2015 жылы Украина пайда болды.

Күллі елдер фактчекерлері әрдайым тәжірибе алмасу жөнінде ғылыми конференция өткізіп отыратын Халықаралық фактчек-жауымдастырының негізгі қағидасын ұстанады, яғни жаңа ресурстардың пайда болуына жәрдемдеседі, бар ресурстарды қолданап отырады.

Әр елде фактчек-ресурстарының өз ерекшеліктері бар, түрлі бағыттары мен сарапшыларының көзқарасы бар.

Мәселен, АҚШ-тағы фактчекпен шұғылданатын басылымдардың белділ жоғары, қоғамдық ықпалы бар – олардың зерттеулеріне сенім артады, материалдарынан дәйектес алды және саясаткерлерді бақылауға алу құралы ретінде пайдаланады. Әйгілі мысал: екі саяси партия өкілі болып келетін екі конгрессменнің біріне пікірталас алдында оның сөзін фактчекерлер сараптайтынын айтып, ескерткен. Нәтижесінде ескерту алған саясаткердің риторикасында оның қарсыласымен салыстырғанда популистік, манипулятивтік серпіліс, жалған дерек көлемі 70% аз болған.

«Ұлттық ерекшелік» мысалы ретінде Чехиядағы Demagog.cz фактчек-ресурс жұмысын көлтіруге болады. Олардың сарапшылары мемлекетте танымал апталық саяси ток-шок бағдарламасы аясында айтылған барлық мәлімдемелерді тексеріп шығады.

Украинада қазіргі кезде фактчек концепциясы үш ресурспен көрсетілген:

- **Stopfake.org** – антиукраиналық насиҳатпен күресуді көздейді;
- **VoxCheck** – VoxUkraine тәуелсіз сараптама платформасы негізінде жұмыс істейді және жүйелі түрде белгілі саясаткерлердің мәлімдемелерін тексеріп отырады;
- **FactCheck** – мамандары фактчектің классикалық әдісімен украиналық саясаткерлердің, шенеуніктердің мәлімдемелерін сараптаумен қатар, жаңа тәсіл және формат жетілдірумен шұғылданатын, ғылыми-зерттеу жүргізетін, тренинг өткізу арқылы фактчекті аймақтарда ілгерілетумен айналысадын сараптамалық платформа.

Бұл ресурстардан өзге бірнеше танымал украиналық БАҚ дүркін-дүркін фактчек зерттеулерін жариялады. Алайда, мақаланы жүйелі түрде беріп отырмағандықтан және әдісті толық білмегендіктен, тренд көрсетілген ақпараттық платформалар арқылы таралмайды.

## **1.2. Чехиядағы фактчекинг. Халықаралық тәжірибе**

Фактчек мәлімдемелерін тексеру орталықеуропалық феномен емес. 2003 жылдың өзінде Америка Құрама Штаттарында factcheck.org жобасының негізі қаланған болатын. Шамамен төрт жыл өткеннен кейін Politifact атты платформа дүниеге келді, бұл ресурс 2009 жылы беделді Пулигтер сыйлығын алған. Бұл сый –фактчектің журналистикадағы тағы бір салмақты бағыттың бірі екені ресми түрде мойындалғанын көрсетті.

2003 жылдан бастап саяси саладағы мәлімдемелерді тексерумен шұғылданатын жобалар саны күрт өсті. Үақыт өте бұл үрдіс азайған жоқ. 2004 жылы мұндай белсенді жобалардың саны 44-ке жетті, бір жыл өткендегі фактчек ұйымдарының саны 64 болды, 2006 жылы бұл сан – 96-ға жетті, ал Duke census-тың Билл Адаир және Марк Стенцелдің жетекшілігімен әзірленген соңғы есебі бойынша, әлемнің 47 елінде 114 жоба барын көрсетіп отыр (Stencel 2017).

2015 жылдың қыркүйек айында IFCN Халықаралық фактчек желісі атты платформа құрылған, оның мақсаты – фактчек жобаларының іс-әрекетін бақылау әрі қолдана (Poynter 2015). Шағын ғана үақыт ішінде өз әрекетімен IFCN фактчек-қауымдастырының беделді ойыншысына айналды және фактчек идеясын халықаралық деңгейге көтерді. Фактчек жобаларының әртүрлілігін және нақты мәлімдемелерді бағалау әдісін атап өткен жөн.

### **Фактчекинг: құш алуантүрлілікте!**

Бір қарағанда мәлімдемелерді тексеру тар ауқымдағы әрі белгілі бір алаңдағы, жасампаздықты талап етпейтін жұмыс болып көрінеді, бірақ шын мәнінде олай емес. Барлық жобаларға тексеру ортақ тәртіп, бұл нақты ереже бойынша іске асырылады, ал тексеру объектісін таңдау әркімнің қалауында.

Кейбір жобалар, мәселен, Demagog.cz белгілі бір жерде жасалған барлық мәлімдемені тексереді, басқа ұйымдар болса, тек мәлімдемелердегі жалған деректі және өзекті мәселелерді тексереді. Екі амалдың да плюсы мен минусы бар. Бірінші жағдайда көптеген мәлімдемені тексеру керек, бұл бағалау түрін және дәлелдемені анықтайды. Нәтижесінде қысқа әрі кешенді сараптама болып шығады. Бір жағынан мұндай амал оқырманға қарастырып жатқан дискуссия немесе сұхбаттың кешенді суретін көруге мүмкіндік береді, себебі саясаткердің айтқан мәлімдемесін ғана көрсетіп қоймай, оның санын да көрсетіп отырады. Оқырман мәлімдеме барысын-

да келтірілген дерек қаншалықты шындыққа жанасатының бағалай алады. Екінші жағдайда іріктеуді және бір тексеру аясында тексерілуі тиіс мәлімдеме санының аздығын ескере отырып, басқа да мәлімдемелерді сараптама және контекст жағынан терен тексеруге болады.

Мұндай іріктеудің тағы бір пайдасы – қоғамның қызығушылығында, себебі мәлімдемелер мақсатты түрде, әлеуметтік маңызына қарай іріктеп алынады. Мұндай амалдың кемшілігі дәл осы мақсатты түрде іріктеліп алышатыныңда немесе біржақты фокусында. Себебі оқырман бір мәселе-ге қатысты толыққанды ақпарат алғанымен, бірінші амалдағыдан толық суретті көре алмайды.

Фактчек жобалары арасында журналистік (Politifact, Washington Post, Factcheck) және академиялық ортаға жақынырақ (Demagog.cz/sk/pl, VoxUkraine) жобалар бар. Бұл жерде қай нұсқа дұрыс немесе жаман, жақсы деп айтуға болмайды, әрине. Нақты мәлімдемені тексеруге икем болу керек, оны үйрену керек. Бұл істе алға шығып, озып кетуге де болады. Немесе қаржы сараптамасының шебері болсаңыз да, кім екеніңзеге қарамастан сәтсіздікке үшырауыңыз мүмкін.

Фактчек ресурстарын сараптай отырып, нақты мәлімдемелерді тексерудің түрлі түсіндімесін байқауға болады. Бір жағынан бізде бағалайтын шкаласы бар жобалар бар, екінші жағынан бізде санатты бағалау жолымен кеткен жобалар да бар. Әрине, олардың әрқайсысының жақсы не-месе жаман жағы да бар.

Шкала бағалаудың ширақ түрін пайдалануға мүмкіндік береді, тексеру объектісін шындыққа жанасатын, жартылай жанасатын, шындыққа жана-спайтын деп болуғе келгендег... кейбір мәлімдемелерді осылай бағалаған орынды. Алайда бұл бағалау әдістің тексеру процедурасына қоятын та-лабы көп. Егер тексеру мүмкіндігі көп болса, онда бағалау барысына сақ болу қажет. Бұл жерде көп нәрсе фактчекердің тәжірибесіне байланысты болады.

Бағалаудың нақты категориясын пайдалану оңай болып көрінуі мүмкін. Белгілі бір жағдайда солай, бірақ бұл оңай шаруа деп ойлауға болмайды. Әдette категория көп емес, олардың өз белгіленген шекарасы бар (шартты түрде): «шындыққа жанасады» яки «шындыққа жартылай жанасады». Сұр зона шкала бойынша көрініп түр, мына жерде онша көрінбейді. Екінші жағынан бұл амалдың кемшілігі айтылған мәлімдемеге көну керектігінде. Мәселен, контекске сай келетін дерек көрсетілгенімен сәл дәлсіздігімен беріледі. Мұндай мәлімдеме көп жағдайда «өтірік» деген үкіммен шығады, бұл өз кезегінде әділеттікке жатпай жатады.

Тәсілдердің әртүрлілігі түсініксіздік туғызып, жағымсыз әсер қалдыруы мүмкін, алайда дәл осы алуан түрлілік жаңа жобалардың пайдасы болуына және бар жобалардың ары қарай дамуына өз септігін тигізіп отыратынын сезіну керек. Осы арқылы мамандар бір-бірінің тәжірибесін ескере отырып, өздеріне қолайлысын таңдай алады. Мұнымен қоса, барлық жо-

баға ортақ ереже бар, егер олар фактчек-қауымдастырының нағыз мүшесі болғысы келсе, олар осы фактчекердің негізгі талаптарын орынданап отыры туіс.

### **Фактчекердің этикалық кодексі – сапа кепілі**

Осы уақытқа дейін құпия болып келген ереже бүгінгі таңда сапа кепілімен ресми талапқа айналды. IFCN 2016 жылы этикалық кодексі (Poynter 2016), сонынан оған жобалардың басым көшшілігі қосылған болатын. Кодекс – көп айлық жұмыс нәтижесі әрі фактчекинг-қауымдастыры ортасының консенсус таныта білуі болып келеді. 2017 жылдан бастап эволюация (бағалау) үдерісі басталды, оны тәуелсіз сарапшылар құрылымы іске асырады. Кез келген фактчекерлік жоба ұйымдастырушылары IFCN талаптарына және оның этикалық кодексіне сай келетінін растағысы келсе, онда кез келген фактчекерлік жоба сараптамалық бағалаудан өтүі туіс.

#### **IFCN этикалық кодексі мынадай қағидаларға негізделген:**

##### **1. Жалдамалы болмау және әділдік қағида**

Фактчекинг аясында фактчек мәлімдемелерін тексеру барысында пайдаланылатын стандарттар іске асырылады. Сараптамалық есепте әділеттіктің ең жоғары деңгейіне жетуді көздең, ешкімге «жақтаспауға» тырысу қажет. Барлық тексеру жұмысына бірдей тәртіп пен өлшемді пайдаланады, бағаның нәтижесін тек тексеруге түсken мәлімдемедегі деректің нақтылығы анықтайды. Тексеру барысында әділетсіздікке жол бермеу керек.

##### **2. Дереккөздің ашықтығы принципі**

Тексерудің дереккөзі кез келген оқырман жарияланған нәтижені өз бетімен тексеріле алғындағы толығымен көрсетілуі туіс. Сол себептен пайдаланған барлық дереккөз көрсетілуі туіс, адам өз бетімен осы дереккөз арқылы тексерілген мәлімдеме сараптамасын тексеріле алғындағы болуы керек. Ерекшелік ретінде дереккөз жайындағы ақпарат жеке адам басына қауіп төндірсе, дереккөз көрсетілмейді. Алайда мұндағы жағдайда барынша ақпарат беріледі.

##### **3. Қаржыландыру мен ұйымдастыру ашықтығының принципі**

Қаржыландыру көздері толығымен ашық болуы туіс. Егер жоба көмекті өзге бір ұйымнан алса, бұл көмек жобаның объективті болуына, қорытынды бағаға әсер етпейтініне кепілдік беруі туіс. Сонымен қатар ұйымның басты мүшелері туралы, мекеме құрылымы және құқықтық мәртебесі жайында кәсіби ақпаратты жариялау керек. Оқырманды қолжетімді байланыспен қамтамасыз ету қажет.

#### **4. Әдістеменің ашықтық принципі**

Фактчек объектілерін таңдау және оны тексеру әдісін түсіндіріп, жариялаған жөн. Сонымен қатар, фактчек-ресурстар өз оқырмандарын байланысқа шақырып отырады, егер олар қандай да бір деректі тексергісі келсе қолжетімді болады.

#### **5. Тексеру және бағаны түзету принципі**

Жарияланған үкімді түзетудің талабы нақты белгіленіп қойған. Түзетулер мен өзгертулер тиісті дәлелдеуге байланысты белгілі бір талаптарға сай жарияланады.

Жоғарыда айтылғанға байланысты мынадай қорытынды жасауға болады: қабылданған кодекс сапа кепілі болып қана қоймай, IFCN-қауымдастырын біріктіретін элементке айналып, даму мен жаңа мүмкіндіктердің көзі болып отыр (Ескерту ред.: бұл жерде автор IFCN пен Facebook серіктестігін ескеріп отыр).

#### **Фактчекинг – постмодернизм дәүірінің жетістігі**

Соңғы он жылда саясаткерлердің мәлімдемелерін тексеру үздік дүниежүзілік феноменге айналды, әрине, бұл үрдіс чех қоғамын да айналып өтпеді (бұл жайында келесі бөлімдерде толығырақ көрсетіледі).

Мәлімдемелерді тексерудің қалайша әйгілі болғанының бірнеше себебі бар, бірақ негізгісі – БАҚ, әлеуметтік желі немесе жалпы интернет арқылы келетін көптеген ақпаратты «қорытып алу» қажеттігі. Ақпарат легінің көбейі дұрыс бағдар алууды қажет етеді. Саясаткерлердің мәлімдемелерін, жаңалықтарды тексеру кез келген адам автоматты түрде істей алатындей жұмыс болып көрінгенімен, шын мәнінде олай емес.

Қындығы неде? Мәлімдемелерді тексеру мәні бірнеше дәлелді тексеруде емес, мұнымен қоса деректерге түсінік беру жатады, оны соған сәйкес контекспен және дереккөзben жұмыс істей арқылы анықтау керек болады. Осы жан-жақты тексеру нәтижесінде ғана күнделікті ақпаратты қажетті деңгейде қабылдай аласыз.

Популистер біздің әдіс жайында айтатындей, фактчекинг пәлендей құндылықты императив жасамайды, оның мақсаты – кез келген адамға ақпаратқа сын көзben қарауға, ақпаратты толығымен автоматты түрде қабылдамай, ақпарат жайында ойлануға шақыру.

#### **Чехиядағы нақты мәлімдемелерді тексеру**

Чех тәжірибесіне назар аударсақ. Чехияда екі фактчек-ресурсы бар. Demagog.cz көп жылдан бері келе жатқан фактчек-жобасы (мысал ретінде оқулық авторы оны орталықеуропалық модель ретінде көрсетеді) болға-

нымен, тағы бір жаңа шыққан жобаны – Faktus жобасын атап өткен жөн.

## **DEMAGOG.CZ: Студенттік жобадан – қоғамдық үйымға дейін мекеме**

**Demagog.cz** Брно қаласындағы Т.Г.Масарика Университетінің әлеуметтік зерттеулер факультеті студенттерінің бастамасымен 2012 жылдың басында пайда болған. Жастар мемлекет азаматтарының назарын Республикадағы саяси жағдайға аудару мақсатында арнайы жоба жасап, саясаткерлердің мәлімдемелері қаншалықты шындыққа жанасатынын тексерісі келген.

Жоба жаңа басталған кезде қоғам тарапынан оған деген қызығушылық болғанымен, чехтар сол кезде **Demagog.cz** жобасына студенттік бастама ретінде ғана қарады. Бұл ресурс туралы олардың пікірі оң бола бермейтін. Бес жыл ішінде жүргізілген жұмыс нәтижесінде Demagog.cz Чехиядағы медиа-кеңістіктегі өз орнын тауып үлгерді, себебі олардың тұрақты түрде жүргізген жұмысы белгілі бір талаптарға сай келді. Бұл өз кезегінде жобаға деген көзқарасты өзгерпті, енді бұл жобаға «студенттер тобының сараптамасы» ретінде қарамайды, қазіргі кезде оларға сұсты қоғамдық үйым ретінде қарап, осы мекеменің әдісімен чех саясаткерлерінің мәлімдемелерін тексереді.

Осындағы өзгеру нәтижесінде және тұрақты жұмыс жасау арқылы студенттік бастама қоғамның сеніміне ие болып, чех медиа-сахнasyндағы субъектілермен қызметтес болуға мүмкіндік алды. Мәселен, ықпалды «Respekt» журналымен әріптестік орнаған. Болашақта қоғамдық радио және телевидениемен қарым-қатынас орнату көзделіп отыр, бұл аудитория көлемін кеңейтеді.

## **Методология бірінші орында**

Фактчекингтің абзал міндеті – тексеруге лайық мәлімдемені сәйкестендіру. Әдетте бұл дерек негізінде пікір. Мәселен, цифр негізінде ақпарат (жұмыссыздық деңгейі, ЖІӨ-нің өсуі, т.б.), белгілі бір тұлғаның белгілі бір уақытта жасаған әрекеті жайындағы ақпарат (мәселен, дауыс беру нәтижесі, егер әңгіме депутат жайында болса, оның заң шығарушылық бастамасының тізімі), тарихи оқиғаны сипаттау.

Алайда мәлімдеме жасаған адамның жеке пікірі мен пайымдауы немесе болжауы тексеруге түспейді (соның ішінде саяси пікірі). Себебі: құжаттанған дәлелденген нақты деректі негіз жоқ.

**Demagog.cz** негізін қалаушылар американдық FactCheck.org және Politifact фактчек ресурстарынан үлгі алған. Айта кетсек, соңғысы жасаған жұмысы үшін Пулитцер сыйлығын алған. Дегенмен чех, соңынан поляк және венгер Demagog фактчекинг ресурстары американлық әдістемеге неғізделе отырып, тексерілетін мәлімдемелерді таңдау, өндөу және бағалау-

дың өз стилін қалыптастырыды.

Мәселен, басқа фактчек ресурстары тексерілетін деректі қоғам назарына ілінген мәлімдеме өлшемімен ірікеп алса, негізі бұл қисынды, ал Demagog.cz және оның «тыстастары» сындарлығы аздау жолды таңдал – нақты бір теле-бағдарлама немесе радио-бағдарлама барысында жа-салған барлық мәлімдемені немесе саясаткер, шенеунік, көпшілікке таны-мал адаммен жүргізілген сұхбатты тексереді.

Бұл ерекшелікке орталықеуропалық университет ортасының дәстүрі себепші болып отыр (жобаны саясаттану мен халықаралық қатынасты зерттейтін чех студенттері бастаған). Ал жоғарыда аталған америкалық ре-сурстарды журналистикадағы жаңа сала ретінде журналистер шығарған.

### **Чех моделі: бағалаудың төрт категориясы және бақылаудың үш дәрежесі**

Чех фатчекинг моделінің тағы бір ерекшелігі – онда бағалаудың негізгі төрт категориясы болуында. Алда осы категорияларды нақты мысалмен қысқаша ұсынамыз.

#### **1. ШЫНДЫҚ**

Шындыққа жанасатын **ақпарат дұрыс мәннәтінде пайдаланса, мәлімдемені ақықатқа жатқызуға болады**.

#### **Мысалы (Demagog 2017):**

«Депутаттар заңнаманы мақұлданап отыр, бірақ біз түрлі жағдайдың тоғызына байланысты салық заңнамасын (Еуропарламентте – Demagog.cz өңдеу) мақұлдамаймыз».

Салық заңнамасы шын мәнінде Еуропалық Одақ мемлекеттерінің құ-зырында болғанын ескере отырып, бұл мәлімдеме шындыққа жанасады деп бағаланды. Еуропарламенттің басты міндеті – Еуропалық комиссия шығарған ЕО құқықтық нормаларын мақұлдау.

#### **2. Жалған**

Мәлімдемеде айтылған дерек көпшілікке **түсінікті дерекке сай кел-месе немесе бірде-бір релевантты дерек көздермен дәлелденбесе, мәлімдемені жалған деп бағалауға болады**.

#### **Мысал (Demagog 2017):**

«Түлектердің 60%-ы (педагогикалық оқу орнының) мектепке бармай-ды».

Бұл мәлімдемені жалған деп бағалауға болады, себебі көпшілікке қол-жетімді сараптамалық материалдар бар (мәселен, Чехияның Білім беру министрлігінің қаржыландыруымен білім беру саясатына қатысты жа-салған талдау, педагогика факультеті түлектерінің 60%-ы өз мамандығы

бойынша немесе осы мамандыққа жақын салада жұмыс жасап жатыр).

### **3. Жалған пікір**

**Егер шынайы фактілер алғашқы мәнмәтіннен жұлынып алынса немесе фактілер контексте бұрыс қолданылса** – пікір жалған болып келеді. Бұл категорияға орынсыз немесе үйлесімсіз салыстырулар жатады.

#### **Мысал (Demagog 2016):**

«Housing & Construction фирмасы – Израильде жүздеген шақырым жол салған табысты компания».

Бұл пікірге жалған деген баға беріледі, себебі автор кәсіпорынның беделі мен нақты жағдайды жасанды түрде байланыстырып отыр, ал нақты жағдай материал дайындалып жатқан тұста белгісіз болған.

### **4. Тексеру мүмкін емес**

**Мәлімдемеге мұндаидар баға дерек көзін табу мүмкіндігі жоқ болғанда беріледі, яғни көпшілікке қолжетімді ақпарат негізінде айтылған де-ректі растауға да, теріске шығаруға да мүмкіндік жоқ болғанда.**

#### **Мысал (Demagog 2017):**

«Құрылтай жыл сайын Қасиетті Троица мейрамында өтеді. KDU-дан (Христиан-демократиялық уния – ред.) мүмкіндігінше үлкен делегация келгені жайында пікір таластырып отырмыз».

Бұқараға мәлім ақпарат негізінде KDU-ČSL-дың (Христиан-демократиялық уния – Чехословакиялық халық партиясының - Ред) Судет неміс партиясының жыл сайын Қасиетті Троица мейрамы кезінде өтетін құрылтайна қатысқысы келетін ойын растауға немесе теріске шығаруға мүмкіндік болмады.

Мұндаидар бағалау жүйесінің ажырамас бөлігіне ең алдымен бағалаудың әділдігін қамтамасыз ететін механизм жатады. Demagog.cz осы мақсатта үш сатыдан тұратын бақылау моделін пайдаланады – жобаның сарапшысы пікірді тексеріп, алдын ала үкім шығарады, ары қарай зерттеу жұмыстары былай өтеді:

1. №1 сарапшы дәлелдемені, дерек көзді тексереді және мақұлдаған жағдайда материалды №2 сарапшыға береді.


2. №2 сарапшы тура сондай тексеру жасап, егер №1 сарапшының бағасымен келіссе, материалды бас методологқа береді.

3. Бас методолог соңғы тексеруді жасап, зерттеу жұмыстары дұрыс жүргізілді деген қорытындыға келсе, материалды жариялады.



2-БӨЛІМ

# ФАКТЧЕК ФОРМАТЫНЫң ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ





## **2-бөлім. Фактчек форматының тұжырымдамасы**

### **2.1. Құрылым**

Фактчек материалдарының құрылым ерекшелігін қарамас бүрын, қысқаша классикалық журналистік зерттеудің негізгі элементтерін және құрылымын атап өткен жөн. Әдетте зерттеудің мынадай элементтері бар: (№ 1кесте):

**№ 1 кесте. Классикалық зерттеу құрылымы**

<b>КЛАССИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ҚҰРЫЛЫМЫ (МАҒЫНАЛЫ ТОПТАМА)</b>	
<b>Зерттеу нысаны</b>	<ul style="list-style-type: none"><li>• Белгілі бір резонансты дерек;</li><li>• Зерттеуді қажет ететін оқиға;</li><li>• Талдауды талап ететін құбылыс;</li><li>• Расталуы немесе жоққа шығарылуы тиіс мәлімдеме;</li><li>• - құжаттық дәлел / анықтығы мен анық еместігін дәлелдеуді талап ететін құжат.</li></ul>
<b>Дәлелдер қоры</b>	турлі статистикалық мәліметтер, құжаттандырылған дерек, оқиғаға қатысуышылардың күә болуы мен оқиға; пайдаланылатын құжаттар мен факт реисми дерек және инсайдерлік дерек көздерінен де бола алады.
<b>Сарапшының түсіндірмесі немесе қорытындысы</b>	зерттеуге салмақ береді, дереккөрді растайды немесе жоққа шығарады; субъективтілікті жоққа шығару үшін екі немесе одан да көп сарапшылардың пікірі беріледі.
<b>Екі жақтың түсініктемесі</b>	Тексерістің әділдігін көрсетеді, бейтараптығын растайды.
<b>Қорытынды</b>	Зерттеу деректерінің қосылған квинтэссенция анализі.

**Фактчекинг** қазіргі түрінде журналистік зерттеудің түрі болып келеді, себебі шын мәнінде ортақ құрылым элементтеріне ие. Дәлірек айтқанда:

- зерттелі немесе тергелуі тиіс нысан;
- дәлелдер қоры;
- құзырлы дереккөз сілтемесі;
- сарапшылар пікірі;
- мағыналы тұжырым.

Мұнымен қоса бұл құрылым элементтері **фактчекинг** тұжырымында өз ерекшелігіне және елеулі айырмашылығына ие (№2 кесте):

**№2 кесте. Фактчекинг зерттеуінің құрылымы**

ФАКТЧЕК ФОРМАТЫНДАҒЫ ЗЕРТТЕУ ҚҰРЫЛЫМЫ (МАҒЫНАЛЫ ТОПТАМА)	
<b>Зерттеу нысаны</b>	жүрт алдындағы мәлімдеме (өте сирек жағдайда – қоғам назарына ілінген), зерттеуге болатын жайт.
<b>Сұрақтың мәні</b>	қосымша түсінік беруді талап ететін және дәлелдік элементтердің алдын алатын ақпараттық преамбула.
<b>Дәлел және уәж</b>	фактілер, статистикалық деректер, құжаттар мен құжат негізіндегі ашық ресми дереккөздерінен алынған; сарапшылардың құжатпен дәлелденген ақпараты немесе ашық дереккөздерінің сілтемесі.
<b>Үкім</b>	Қорытынды-үкім (мәселен, жалған, шындық немесе манипуляция) қысқаша жазылған уәждерімен.

## **2.2.Фактчек тұжырымдамасының басты ерекшелігі**

Жалпы алғанда журналистік зерттеу талабына сай келе, фактчекингтің бірқатар өзгеше концептуалды ерекшелігі бар, бұл ерекшелігі журналистік зерттеудің басқа формаларынан ерекшеленеді.

- **Фактчектің әдеттегі зерттеумен салыстырғанда басты ерекшелігі дәлелдер қорына бейресми және инсайдерлік ақпаратты пайдаланбайтынында.** Зерттеу жүргізу барысында журналист тек ресми түрде тараған жергілікті немесе шетелдік дерек көздеріне және мемлекеттік органдардың, шетелдік институттардың сұратуға берген жауабына ғана жүгінеді.
- **Түсіндірмелер мен сарапшылардың** қорытындысын егер бұл ақпаратты тарату барысында олар ресми құжатқа немесе ашық дереккөздеріне жүгінсе, дәлел қорына пайдаланады.

• **Қорытынды немесе үкім** әділетсіздікке жол бермеу үшін және баға беретін пікір болмас үшін айқын тұжырымдамаға ие болуы керек. Фактчектің украиналық нұсқасында үш үкімді пайдаланады – **«ШЫНДЫҚ», «ЖАРТАЛАЙ ШЫНДЫҚ», «ЖАЛҒАН»**.

Сол себептен фактчекингтің құрылымы мен концептуалды ерекшелігі (классикалық журналистік зерттеумен салыстырғанда (№3 кесте) мынаған бағытталған:

- **Барынша субъективті талдау беруге жол бермеу;**
- **дәлелдеу қорымен манипуляцияның алдын алу;**
- **үкім шығарарда біржақты пікірге жол бермеу;**
- **жалдамалы деп айыптаудың алдын алу.**

**№3 кесте. Фактчек-зерттеулерінің ерекшелігі**

Мағыналы элемент	Фактчек-зерттеулерінің классикалық журналистік зерттеудерден ерекшелігі	
	фактчекинг	журналистік зерттеу
<b>Зерттеу нысаны</b>	ұлға мәлімдемесі (сирек жағдайда жүртқа ұсынған факт)	факт, оқиға, құбылыш, құжат, мәлімдеме
<b>Сұрақтың мәні/толықтырылатын түсініктеме</b>	бөлек мағыналы топтама	деректі контексте пайдалану
<b>Дәлел және уәж</b>	фактілер, статистикалық деректер, тек ашық дерек-көздеріндегі құжаттар	фактілер, статистикалық деректер, ашық дерек-көздеріндегі құжаттар, инсайдерлік ақпарат
<b>Сарапшылардың қатысуы</b>	Құжаттармен дәлелденген және тек ашық дереккөзге сілтемесі бар сарапшылардың ақпараты	Сарапшылар зерттеу фактісіне қатысты ашық және басқа дерек көздеріне сүйене отырып, өз пікірін айтып бере алады
<b>Қорытынды/үкім</b>	Қысқаша түсініктемесі бар, авторлық пайымы жоқ, критерийлер бойынша нақты құрылған аргументтер квинтэссенциясы	Түсіндіруі бар, авторлық пікірі қосылған, материал дәлеліне сүйенген аргументтер квинтэссенциясы

## 2.3. Фактчекинг үкімдері

Фактчек тұжырымдамасының ажырамас бөлігіне (жоғарыдағы пара-графта атап көрсеткендей) құрылымындағы **үкім** сияқты өзіндік элементі жатады. Фактчек-тергеуінің әрбір материалы үкім арқылы қорытындыла-нуы керек.

Әлемдік тәжірибеде діл мен тілдің ерекшелігіне және журналистік техникаға, өзге де объективті жағдайға байланысты фактчек-ресурстары үштен онға дейін үкім түрін пайдаланады. Үкім талаптары басылымның ережелерінде көрсетілген және бұл ақпарат ашық түрде жарияланып тұрады. Бұл ресурс біреуге жалдамалы деп айтудың алдын алу мақсатында жасалады.

Украиналық тәжірибеде үкімнің үш түрі пайданылады (№4 кесте).

№4 кесте. Фактчек үкімдері

Үкім атаяу	Мінездеме
<b>Шындық</b>	спикердің мәлімдемесіндегі деректер, шындыққа жанасатын құжаттық дәлелдер; себеп-салдарлық байланыс дұрыс жарияланған, ақпарат мағыналы, дереккөз сілтемелері бар.
<b>Жартылай шындық</b>	спикер жалпы тақырыпты біледі, оның ерекшелігіне сүйенеді, бірақ қате жібереді, олқылық жасайды; себеп-салдарлық байланысты соңына дейін айтпайды немесе қате түсіндіреді; қисыны дұрыс емес, жасаған қорытындысы дұрыс бірақ дерек нақты болмауы мүмкін, уақыты дұрыс көрсетілмеуі ықтимал.
<b>Жалған</b>	Мәлімдемеде асыра сілтеу/деректерді кеміту бар, оқиғаны әсірелеу/құбылыс шындыққа жанаспайды; Дерек, себеп-салдарлық байланыс, қисын- факті, себеп-салдар байланыстары, логика – бұрмаланған; манипуляциялық мақсатта бар назарды спикерге «керек» аспектілерге аударады, ал ыңғайсыз сәттерді «көлеңкеге» жасыруға тырысады; жоқ деректерді келтіріп, конгруэнт емес көздерге сілтемелерге сүйеніп, бұрмаланған ақпарат береді.

Кейбір жағдайларда үкім шығарар кезде әрбір үкім талас тудыруы мүмкін.

Бұл спикер ұсақ детальдарда қате жібергенде, бірақ тақырып толыққанды ашылғанда, барлығы дұрыс, орынды айтылғандай болатын жағдай.

Немісрайлы түрде «шындық» деген үкім шығаруға болмайды, себебі анализ аз ғана кемшілікті көрсетіп берді, бірақ бұл жарияланған деректі жалпы алғанда бұзбады, сол себептен оны «жартылай шындыққа» да жатқызуға болмайды. Мұндай жағдайда «Үкімсіз» деген таңба басылады және материал аналитикалық болып жарық көреді.

## **2.4. Фактчек – қолжетімді аналитика форматы**

Ақпараттың ашық дереккөзі – фактчек тұжырымдамасымен дәлел жа-саудың негізгі элементі.

Мемлекеттік мекемелердің статистикалық ресурстары, сала бойынша беделді кәсіби сарапшылар платформалары, әлем бойынша беделі бар және рейтингі жағары халықаралық ресурстар дереккөзіне айнала алады. Мәселен, Халықаралық валюта қорының сараптамалық ақпараты.

Бұл қаржы орталығы әлемдегі ең ірі әрі мықты сараптамалық орталық, көп жылдан бері көптеген әлем елдерінің экономикалық және қаржы жағдайын бақылап отырады. ХВҚ-ның сарапшылары ұсынып отырған де-рек көлемі мен сапасына ешбір халықаралық үйім бәсекелесе алмайды. Сол себептен Халықаралық валюта қоры мамандарының қорытындысы басқа қаржы институттарына, мысалы, Дүниежүзілік банк, Еуропалық қай-та құру және даму банкі тағы басқаларына белгілі бір шешім қабылдарда жол картасына айналады.

Мұнымен қоса мемлекеттік органдарға және халықаралық үйімдарға жолданған сауалға берілген жауап фактчекерлер үшін сенімді ақпарат көзі.

Алайда, жоғарыда аталған дереккөздері кәсіби болғандықтан, алынған ақпарат өзіне тән формада берілгендейді, өз стилистикалық ерекшеліктері болады.

Сонымен бірге халықаралық және украиналық тәжірибе байқатқандай, фактчек-ресурстары кең көлемдегі аудиторияға бағытталған. Сол себептен текст стилистикасы барша жүртқа түсінікті болуы тиіс. Журналист-фак-тчекердің басты міндепті – кәсіби ерекшелігі бар ақпарат мәтінін баршаға «түсінікті етіп жазу», аналитиканы жаппай тұтыну өніміне айналдыру.

Не үшін? – фактчекерлер тексеретін тұлғалардың мәлімдемелерінде өзекті қоғамдық мәселелер сөз болады. Алайда мәселені жақсы біл-генімен олар бар ақпаратты өз тәсілімен түсіндіреді. Бәлкім бейхабарсы-здықтан болар, бәлкім әдейі, деректерді өз пайдасына пайдалану мақса-тында болар, деректер мен фактілерді пайдаланып алдап-арбайды.

Нәтижесінде фактчек-ресурс оқырманына жететін ақпарат дүниеге бы-лай келеді:

## **Зерттелетін мәлімдеме**

**+**

## **Мағыналы дәлелдер**

**X**

## **кесіби ақпаратты кесіби түрде өңдеу**

**=**

## **Қолжетімді аналитика форматы**

Оқырман аналитикалық ақпаратты жақсы қабылдау үшін қолданылатын маңызды құралға оны визуалдау әдісі жатады. Кесте, схема, карта, график, инфографика, тизерлік графика арқылы ақпаратты көзбен шолу.

Осындай элементтер арқылы мынаған қол жеткізуге болады:

- **Түрлі статистикалық ақпарат жүйелендірілген форматта жарияланады;**
- **Оқырман анализға түсетін процестердің динамикасын көреді;**
- **Оқырман бір қарағанда бір-біріне қатысы жоқ ақпарат пен оқиғаның бір-бірімен қалай байланысып отырғанын көреді;**
- **Қабылдауға оңай болу үшін түрлі мәлшерлер мен салыстырмалар беріледі;**
- **құбылыс, оқиға, фактілер дербестендіріледі, бұл мазмұнды өзекті әрі өткір етеді.**

Алайда әрбір кесте, график немесе схема түсіндіруді қажет етеді. Түсінірудіде визуалды элементтің әрбір аспектін түсіндіру **міндетті емес**.

Керісінше – оқырман назары қызық, өткір, өзекті деректер мен фактілерге аударылады.

Мысалы, егер әңгіме қандай да бір мәлшердің белгілі бір уақыттағы динамикасы жайында болса, онда осы мәлшердің жоғары және төменгі көрсеткішіне назар аударыңыз, бұл салыстырулар сол шақтарды сипаттап береді.

Керек болған жағдайда графика немесе кестеге толыққанды қызық ақпаратты сыйдыруға болады. Мұндай әдіс фактчек зерттеуін түсінуге көмектеседі.

## АҚПАРАТТЫ ВИЗУАЛИЗАЦИЯЛАУДЫҢ ҮЛГІСІ

### 1. Деректі салыстыру



Ред. ескертү: Инфографикада Януковичтың жақтастары шетелге шығарған сома көрсетілген (1,8 трлн USD), тыыйым салынғаны (126 млрд. USD), қайтарылатыны (7,75 млрд. USD), 2016 жылы нақты қайтқаны (150 мың USD).

### 2. Деректерді салыстыру және динамикасы



Ред. ескертү: Инфографикада Украинаның ТМД және Еуропа елдерімен 2011-2016 жылдар аралығында алмасқан тауар айналымы жайындағы ақпарат көрсетілген.

#### 4. Деректерді салыстыру



Ред. ескерту: Инфографикада 2015 жылғы Украина мен көршілес елдердегі ортаса есеппен өмір сүру ұзақтығы көрсетілген және Украина мен Еуропаның дамыған елдеріндегі қан-тамырларының ауруы салдарынан көз жұматындарға қатысты ақпарат берілген.

#### 5. Салғастыру, деректерді салыстыру және процесс динамикасы/құбылыс динамикасы



Ред. ескерту: Инфографикада Украинадағы инфляция мен ең төменгі жалақы индексациясының 2013 жылмен 2016 жыл аралығындағы серпіні көрсетілген.

## 6. Үақыт және оқиға бойынша дербестендіру



Ред. ескертту: Инфографикада түрлі премьер-министрлердің (2004-2013 ж.ж.) Украина экономикасынан әкеткен қараждат көлемі миллиардтаған АҚШ долларымен көрсетілген.

## 2.5. Фактчектің мағына және бағыты бойынша түрлері

Жоғарыда атап өткендей фактчекер ақпаратта бар деректі дәлелдеу немесе жоққа шығару үшін тек ашық ақпарат көздерін пайдаланады және сарапшылардың құжатпен дәлелденген қорытындысын алады. Сол себептен фактчекинг жалған мәліметті сәйкестендіруге арналған әмбебап құрал болып келеді. Сонымен бірге фактчекингтің бірнеше бағыты бар. Әлемдік және украиналық тәжірибеге сүйене отырып, фактчекингтің бірнеше үш түрін атап өтемін: стоп-фейк, классикалық фактчек және фактчекинг БАҚ.

**Стоп-фейк** – жалған ақпаратты оның дереккөзіне, шыққан формасына қарамастан, мәлімдеме болсын, оқиғаны сипаттау болсын, белгілі бір құбылыс болсын бәрібір, жалған ақпаратты тексеру.

Украинада фактчек тұжырымдамасы мен тетігін пайдалана отырып, жалған ақпаратты жоққа шығару жұмысымен **Stopfake.org**, ресурсы айналысады. Жұмысын бастағанда бұл жоба өзіне Украинадағы жағдай туралы БАҚ-тарға таратылатын жалған ақпаратты жоққа шығаруды мақсат еткен. Кейіннен **Stopfake** ақпараттық хабқа айналды, бұл жерде антиукраиналық насиҳат сарапталады.

Насихат жұмыстарының Украинаға әсерін зерттеуден өзге жоба манандары қазіргі кезде басқа елдер мен аймақтарға әсер етудегі ақпараттық әдістерді зерттеп жатыр.

**Фактчектің** классикалық түрі бойынша Украинада екі ресурс бар – **VoxCheck** және **FactCheck**. Екі басылым да танымал саясаткерлердің мәлімдемелерін зерттеп, талдаумен, манипуляция, популизм және осы мәлімдемелердегі жалған деректі идентификациялаумен айналысады. Сонымен бірге екі ресурстың өзіндік тәсілдемелері бар, бірақ басты қағиданы – бейтараптық және дәлелдік қор үшін тек ашық дереккөздерге жүгінуді ұстанады.

**Фактчекинг БАҚ** – әзірге украиналық медиа-кеңістікте тек БАҚ мақалаларын тексеріп, жалған ақпаратты жоққа шығаруды көздеген бірде-бір ресурс жоқ. Алайда кейде сараптамалық зерттеулер, фактчек технологияларын пайдаланған материалдар жарық көріп тұрады, онда белгілі бір мақалалардың жалған ниеті әшкере етіледі.

Ал батыс баспасөзінде мақалаларды тексеру тәжірибесі кең тараған. Ұлыбританияда бірнеше ресурс тек жалған жаналықтар мен мақалаларды

тексерумен шұғылданады.

2014 жылы Еуропалық журналистика орталығы арнайы «**Тексеру жөніндегі оқу құралын» (Verification book)** жариялады. Онда әлемдік редакторлар мен журналистер пайдаланушы контенттің шындығын қалай тексеру керектігі туралы өз кеңесін береді. Оқу құралында онлайн-тетіктерінің тізімі бар, осы арқылы:

- мақалаларды;
- фото-және видеоматериалдарды;
- ақпараттың алғашқы дерек көзі;
- жалған ақпарат тарататын адамдарды;
- әлеуметтік желідегі нағыз немесе фейк аккаунттарды тексеруге болады.

2017 жылдың басында Facebook қосымша енгізген болатын. Осы арқылы мазмұны құдікті немесе жалған жаңалық пен хабарландырулар арнайы белгімен көрсетіліп тұрады.

Сонымен қатар, 2017 жылдың көктемінде Facebook француз ақпарат құралдарымен президенттік сайлау алдында жалған ақпаратпен қаресуге арналған жобаны бастады. Фактчекерлер қауымдастығына мемлекеттің Le Monde, Agence France-Presse, BFM-TV, FranceInfo, France Médias Monde, L'Express, Libération және 20 Minutes секілді мықты басылымдары қосылды.

Facebook-тің француз пайдаланушылары өз жаңалықтар лентасында құдікті жаңалықтарды белгілеп отырады.

Егер кем дегенде екі басылым өкілі жаналық шындыққа жанаспайтынын мақұлдаса, қалған пайдаланушыларға көрсетілген жаналық немесе материал «тәуелсіз фактчекерлер шағым білдірген» деген белгімен көрсетіледі.

## 2.6. Фактчекингтің форма бойынша түрлері

Украинадағы фактчекинг тәжірибесі айрықша жағдайда қалыптасты. Саяси және басқа да қоғамдық маңызы бар мәлімдеме «жасаушылар» аудиториясы бейнелі болып келді: депутаттар, министрлер, басқа да тұрлі деңгейдегі шенеуніктер, қоғам қайраткерлері, мемлекет басшылары: президент, премьер-министр, Жоғарғы Рада төрағасы. Олардың барлығы материалды беру ерекшелігін қалыптастыруды деп, лайықты бағасын беру керек. **FactCheck** мамандарының тәжірибесіне сүйене отырып, оқырманға қолайлы материалдардың үш форматын атап өтуге болады: фактчек-аналитика, фактчек-блиц, фактчек-суперблиц. Әрқайсысын бөлек-бөлек талдаймыз.

## 2.6.1. Фактчек-аналитика

**Фактчек-аналитика** – материалды фактчек тұжырымдамасымен құруғаң «классикалық» формасы.

Мұндай материал бір мәлімдемені тексереді, бұл мәлімдемеде **басты бір немесе бір-біріне байланысты екі тезис болуы ықтимал, оның әрқайсысын тексерудің қажеті жоқ**, зерттеудің өзі көп дерекқор болғанын талап етеді.

**Материал көлемі** – 400-800 сөз (сирек жағдайда – 1 000 сөз).

### №5 кесте. Фактчекинг-аналитиканың құрылымы

Құрылым элементі	Фактчекинг-аналитика құрылымы	
	Көлем	Элемент мазмұны
<b>Атауы</b>	<b>6-15 сөз</b>	Материалдың атауында бейімделген формада мәлімдеменің мәні көрсетілуі тиіс, оның мәселесі мен өзектілігі және үкімі: «Президент экономика өсінің көрсеткіштері туралы өтірік айтты», «Халық депутаты Иванов әлеуметтік стандарттар көрсеткіштерін бұрмалады», «Экономика министрі субсидиялардың жағдайы туралы бар шындықты айтты».
<b>Мәлімдеме және оның пайда болу жағдайы</b>	<b>50-70 сөз</b>	Материалдың кіріспе бөлімі кеңейтілген түрінде мәлімдеменің өзінен және оның пайда болу себептерінен тұрады. Кіммен, қашан, қандай жағдайда айтылды? Міндетті түрде дереккөзге сілтеме жасалады

Құрылым элементі	Фактчекинг-аналитика құрылымы	
	Көлем	Элемент мазмұны
<b>Саял мәні</b>	<b>100-300 сөз</b>	<p>Бұл бөлімде мәлімдемеде көтерілген тақырып қысқаша ашылады, оның шығу тарихы және қосымша дерек беріледі, мәселенің мән-жайын терең түсіндіру мақсатында, оқырманды зерттеудің негізгі бөліміне дайындау үшін.</p> <p>Деректер мен фактілер хронология бойынша мағынаға сай беріліп отырады;</p> <p>Бұл бөлімде графика, кесте, схема, инфографикаларды пайдалануға болады.</p>
<b>Дәлел және аргумент</b>	<b>200-400 сөз</b>	<p>Бөлімде негізгі дәлелдер (сараптамалық) жоққа шығарылатын немесе зерттелген мәлімдемелерді дәлелдеудің дәлелі дереккөзге сілтеме жасап жарияланады.</p> <p>Дәлелді мазмұндау барысында мағына мен бірізділік қағидасын ұстанған жән.</p> <p>Бұл топтамада графика, кесте, карта, схема, инфографика, бейне пайдалануға болады.</p>
<b>Үкім</b>	<b>Түсінікте-месімен – 10-30 сөз</b>	<p>Ресурстың шаблон болып қалыптасқан сөз тіркесі немесе сөз (украиналық нұсқада – шындық, жартылай шындық, жалған), зерттеудің мәнін қорытындылайды.</p> <p>Мазмұнды қабылдаудағы әсерді үлғайту үшін үкімге ықшамды түсініктеме береді.</p>

## 2.6.2 Фактчек-блиц

Фактчек-блиц – фактчек-аналитиканың қысқартылған түрі. Бұл тексерілетін мәлімдеме немесе тезис терең анализды керек етпейтін жағдайда, 1-2 құжат негізінде 2-3 статистикалық есептеулер арқылы пайдаланады.

**Материал көлемі** – 150-250 сөз.

**№6 кесте. Фактчек-блиц материалының құрылымы**

Құрылымдық элемент	Фактчек-блиц құрылымы	
	Көлемі	Элемент мазмұны
Атауы	6-15 сөз	Фактчек-аналитикаға ұқсас
Сұрақ мәні	--- \\\ ---	<b>Жоқ болу</b>
Мәлімдеме және оның шығу себептері	50-70 сөз	Фактчек-аналитикаға ұқсас
Дәлелдер мен аргументтер	200 сөзге дейін	Фактчек-аналитикаға ұқсас
Үкім	Түсініктемесімен – 10-30 сөз	Фактчек-аналитикаға ұқсас

### **2.6.3. Фактчек-суперблиц**

Фактчек-суперблиц аналитика мен фактчек-блиц элементтерінің қосындысы. Пайдаланатын жағдай:

- бір мәлімдеме бірнеше қысқа тезистан тұрады, әр тезисті бөлек-бөлек, бірақ терең емес зерттеу қажет. Бұл зерттеуді 1-3 құжат негізінде 2-5 статистикалық позиция арқылы іске асыруға болады;
- егер зерттеуге тұлғаның ұзақ сұхбаты түссе, онда әңгімедегі есеп, әрбір тезис-тармағы жеке, бірақ терең емес тексеруді талап етеді.

Фактчек-суперблиц форматы пайдаланғанда әрбір тезиске бөлек үкім шығарылатынын атап өту керек, бұл үкімдерге түсініктеме берудің керегі жоқ.

Егер зерттелетін тезис бір тақырыпта болса, онда материалда (қосымша түсініктеме беретін) «Сұрақ мәні» атты құрылым элементін пайдалана болады. Ол зерттелетін барлық тезистердің алдында болады.


**Материал көлемі – 500-2 000 сөз.**

**№7 кесте. Фактчек-суперблиц материалының құрылымы**

Құрылым элементі	Фактчек-суперблиц құрылымы	
	Көлемі	Элемент мазмұны
<b>Атауы</b>	<b>6-15 сөз</b>	Фактчек-аналитикаға үқсас.
<b>Сұрақ мәні</b>	<b>---</b> \\\ <b>---</b>	<b>Тезистер бір тақырыппен біріксе, керек жағдайда қолданылады</b>
<b>Мәлімдеме және оның шығу себептері</b>	<b>50-70 сөз</b>	Фактчек-аналитикаға үқсас.
<b>Дәлелдер мен аргументтер</b>	<b>2 000 сөзге дейін</b>	Фактчек-блиц және фактчек-аналитикаға үқсас.
<b>Үкім</b>	<b>түсініктемесіз</b>	Үкім зерттелген әрбір тезиске қойылады.

3-БӨЛІМ

## ФАКТЧЕКИНГТЕГІ ЗЕРТТЕЛЕТІН ОБЪЕКТ





## **3-бөлім. Фактчекингтегі зерттелетін объект**

### **3.1 Жұрт алдында жасаған мәлімдеме – зерттелетін негізгі нысан**

Бұдан бұрынғы бөлімдерде атап өтілгендей, фактчекингте зерттелетін басты нысан – жұрт алдында жасалған мәлімдеме. Кейде бұл қоғам назарына ілінген факті немесе қоғамдық маңызы бар даулы оқиға болуы мүмкін. Алайда қоғам назарына ілінген деректі тексеру, мәлімдемені анықтаудан ерекшеленбейді, ал дерекқормен дәлелдік қор жинаудың айтарлықтай техникалық және әдістемелік ерекшелігі жоқ. Сол себептен біздің оқулығымызда (қайталуа болмас үшін) жұрт алдында жасалған мәлімдеме зерттеудің негізгі нысаны болып қарастырылады.

Жұртқа танымал тұлғалардың мәлімдемелері әлем бойынша фактчекерлердің нысанасына не себептен айналатынын атап өтейін:

- қазіргі заманның ақпараттық кеңістігі үлкен ауқымдағы аудиторияға белгілі бір оқиғаға байланысты пікірді, деректі жеткізуге, керек қоғамдық пікір қалыптастыруға қолайлы;
- ақпарат арнасының көптігі мен жылдамдығы – халықтың әр бөлігіне керекті ақпаратты ыңғайлы әрі үйреншікті әдіспен жеткізуге мүмкіндік береді;
- ақпараттық тұғырнамалардың бейтарапсыздығы, соның нәтижесінде мәлімдеме мазмұндарының нашар тексерілуіне байланысты, жоспарлы түрдегі ақпараттық шабуылға тойтарыс бере алмау;
- үздіксіз түрдегі қоғамдық шиеленіс, болмысты стереотипті түрде қабылдау; сыни ойлау қабілетінің болмауы, көптеген адамның ақпараттан бейхабар болуы, осының салдарынан көп жағдайда харизмасы бар тұлғалардың манипуляциялық мәлімдемелеріне сенуі;
- танымал тұлғалардың жұрт алдында сөйлеу риторикасында пайдаланатын сөзбен манипуляция жүргізу механизмін іске асыру;
- сөзбен манипуляция жүргізу әдісін енгізу арқылы болмысты бұрмалау мақсатында «қызықты» деректерді жартылай немесе үзінді түрінде көрсету, бұл да ақпараттық соғыс жүргізуге әкеледі.

Жоғарыда аталған себептерге байланысты Украинада фактчекинг мынадай танымал тұлғалардың мәлімдемелерін зерттейді:

- президент;
- премьер-министр, министрлер және министрлік құрылым жетекшілері, департамент жетекшілері, қарулы күштер мекемелері, төрешілер корпусы;
- Жоғарғы Рада спикері;
- Саяси партия төрағалары, фракция, депутаттық топ және бірлестік жетекшілері;
- Жоғарғы Рада депутаттары, комитет төрағалары;
- Облыстық әкімшілік жетекшілері;
- Облыстық кеңес депутаттары;
- Қала әкімдері;
- Жергілікті кеңес депутаттары;
- Танымал қоғам қайраткерлері.

Алайда, барлық мәлімдеме фактчек зерттеу объектісі бола бермейді.

Біз тексеретін мәлімдемелер:

- **Мазмұнында нақты дерегі, саны, ашық дереккөздері арқылы тексерілетін құжаттық ақпараты;**
- **Жұрт алдында айтылған және құжатпен тіркелген.**

#### **Мәселен:**

- «Біз қызымет көрсеткені үшін (сыртқы қарызы) 75 млрд грн., ал мемлекет бюджеті бар болғаны 600 млрд».
- «Салық кодексіне негізделіп, экономикалық еркіндік көрсеткіштері бойынша біздің мемлекетті 148-орынға түсірген бюджетті қабылдау мүмкін емес».
- «Украинаның он IT-компаниясы әлемдегі 100 үздік аутсорсинг компаниялар тізіміне енді».
- «...Онжылдықтың басында украиналық экспорттың үштен бірі ре-сейлік нарыққа кететін...».

Фактчек танымал тұлғалардың мәлімдемелерін сараптамайтын жайттар:

- **Мәлімдемеде субъективті пікір болса;**

- **Мәлімдемеде болжам болса немесе шамамен алғандағы есеп болса;**
- **Болашаққа бағытталып, белгіленген уақыты немесе дерегі жоқ болса;**
- **Жалпылама дерек болса.**

#### **Мәселен:**

- «Мен Украина 2017 жылы өзі қалаған ЖІӨ көрсеткіштеріне қол жеткізеді деп ойламаймын....»

#### **Субъективті пікір**

- «Депутаттары мамандарға жүгінген біздің фракция деректері бойынша, халықтың жеңілдік алатын бөлігі жылдың бірінші жартысында 20-30% деңгейінде қамтамасыз етіледі».

#### **Болжау , шамамен есептеу**

- «Министрлер кабинеті биылғы жылды жекешелендіруден 50 млрд гривен алуды жоспарлап отыр»

#### **Болашаққа бағытталған болжам**

- «Мемлекет бюджетінен жемқор шенеуніктер 5 млрд гривен ұрланған»

#### **Жалпылама дерек**

### **3.2 Мәлімдемелердің дерек көзі**

Қазіргі заманның ақпараттық каналдарының және платформалардың салаластығы фактчекерлерге көп мүмкіндік беріп отыр – біз қатты қиналмай, фактчектің тексеру матрицасына түсетін мәлімдемелерді таба аламыз.

Тексеруге лайық мәлімдемелермен қамтамасыз етіп отыратын негізгі «жеткізуши»:

- Тікелей эфирге шығатын телевизиялық және радио-шоу;
- онлайн-және оффлайн-конференциялар;
- қоғамдық маңызы бар шаралар барысында жұрт алдында сөз сөйлеу;
- Спикер ретінде танымал тұлғалардың БАҚ беттерінде жарияланған мақалаларында айтылған сөздері (басылып шығатын және онлайн);
- стенограммалар (цифрлық жазбалар) Министрлер кабинетінің, Жоғарғы Рада, Жоғарғы Рада комитеттерінің отырысы және де басқа мемлекеттік органдардың отырысы;
- әлеуметтік желілердегі посттар, жеке блогтар;
- митинг барысында, жиналыстарда және де басқа қоғамдық шаралар барысында сөйлеген сөздер.

Атап өткен маңызды: **фактчектің тексеру объектісіне «кеletіn» мәлімдемелерді фактчекер түпнұсқасына мейлінше жақын етіп тіркеуі керек, егер алдын ала өндөлмеген және реттелмеген (мәлімдеме скрині, видеожазба және тағы басқа) түпнұсқасы болса, тіптен жақсы. Жазылып алынған мәлімдеме автор пікірі мен оның деректі, оқиғаны түсіндіру, ақпаратты алғаш шыққан түрінде сақталуы тиіс.**

Сол себептен фактчек нысаны министрліктердің, президент әкімшілігінің интернет-басылымдарынан сирек табылады. Бұл платформаларда белгілі бір тексеруден, редакторлық өңдеуден өткен мәлімдемелер, тезистер, сұхбаттар жарияланады, сол себептен бұл жерден фактчек матрицасына сай келетін объекті табу қыын.

Дәл осындай жағдай украиналық БАҚ (онлайн және басылып шығатын) беттерінде бар. Басылымның жалдамалық жағдайына байланысты, онда жарық көрген тұлғалардың сұхбаты, білдірген пікірі қаншалықты шындықта жақындығын байқауға болады.

### **3.3 Факт, фейк, фактоид**

Фактчекинг матрицасына сай зерттелетін тезис негізінде нақты дерек болуы тиіс немесе шындыққа жана спайтын бірнеше дерек болуы қажет. Алайда танымал тұлғалардың мәлімдемесінде фейк және фактоид жиі кездеседі. Бұл ұғымдардың (факт сияқты) әрқайсының белгіленген өз түсініктемесі мен ерекшелігі бар.

**Факті** – субъективті-объективті жаратылысы бар ұғым, бар болған оқиғаны немесе әрекет нәтижесін сипаттайтын (онтологиялық) аспект.

Факті – шын мәнінде орын алған жағдай. «Факті» сөзі пайым немесе болған оқиғаны сипаттау мағынасында қолданылады.

Алайда «факті расталды», «факті расталмады», «дерек жоққа шығарылды» деген сөз тіркестері кездеседі, бірақ бұл «сөздердің ауысып тұсуі» ғана. Егер шын мәнінде болған жағдай расталса, оны жоққа шығара алмайды. Алайда екінші жағынан қарасақ, іс жүзінде (журналистикада, заңнамада, сotta) – факті расталуы немесе расталмауы мүмкін.

Журналистика қызметіне қатысты айтатын болсақ, онда факті кез келген материал бетінде, әсіреле, тергеу материалдарында жатыр. Дерек – материал жасайтын кірпіш секілді.

Дерек арқылы журналист (әсіреле фактчекер) нақты оқиғаның үлкен қоғамдық мәселемен тікелей байланысты екенін көрсете алады, осының салдарынан оқиғаның қалай өрбитінін анықтай алады.

**Журналистикада факт болған оқиғадан шынайы көрініс беруші ретінде қабылданады.** Журналист/фактчекерге болған оқиғаны объективті түрде жеткізу, яғни шынайы деректі жеткізу деген сөз.

Танымал тұлғалардың келтірген дерегіне қатысты айтатын болсақ, онда зерттеуге нақты дерегі бар немесе құжатпен, цифрлық дәлелмен расталған мәлімдеме тексерілуі тиіс.

#### **Мысал:**

➤ «Соңғы екі жылда біздің мемлекет 174 млрд АҚШ доллары көлеміндегі тауар экспортынан айырылды. Мұны Халықаралық валюта қорының бес жылдық несиелеу бағдарламасымен салыстыруға болады».

**Фейк** – ағылшын тілінен аударғанда **fake** – жалған, жасанды деген сөз. Бұл украин тіліне слэнг ретінде енді. Алайда кейіннен (әсіреле Майданнан кейін және антиукраиналық насиҳат жүргізіле бастағаннан кейін) басқа мағына ала бастады, өзгеше бейресми терминге айналды.

Негізінен фейктер – онлайн кеңістікте тарайтын жалған ақпарат немесе хабарлама. Фейк шынайы ақпаратқа жазылған талдау ретінде шығуы мүмкін немесе белгілі бір белсенді топтың немесе блогердің әлеуметтік желілерде жазған жеке пікірі ретінде жариялануы ықтимал. Мақсат – жалған дерекке салмақ беріп, түрлі ақпараттық каналдарға енгізу, мүмкіндігінше ауқымды аудиторияға жеткізу.

Фейк ашық түрдегі жалған ақпарат, оны жоққа шығару оңай. Әдетте фейк әйгілі, сенсациялық атаумен беріледі.

Алайда, фейктердің тағы бір категориясы бар – жақсы ойластырылған құрылымды хабарламалар, жалған құжаттар негізінде бұл хабарламалар шынайы дерек болып көрінеді. Мұндай фейктердің ақпараттық үндестігі жалпы жаңалықтар ағынынан ерекшеленіп тұрмайды. Сол себептен сапалы түрде әзірленген жалған ақпарат керек аудиторияға «жетіп», талқылатын жаңалыққа айналады. Нәтижесінде мұндай ақпаратты жоққа шығару және аудиторияны бұл ақпараттың жалған екеніне сендіру қыынға соғатын, күрделі шаруа.

### **Мысал:**

➤ «Табысты мжариялаудың электронды түрі енгізілгеннен кейін Жоғарғы Рада депутаттарының бір тобы қолма-қол ақшаларын, құнды заттарын аман сақтап қалу мақсатында Украинаның Ұлттық банкіне ұндеу жарияладап, көрсетілген құндылықтарды депозиттік сақтауға алып, одан түсіп, жиналған дивиденттердің 50%-ын бюджетке аударуды ұсынды...»

**Фактоид** – фейк мағынасына жақын түсінік. Ағылшын тілінен аударғанда factoid (fact – факт және oid сөзі eidos – формасынан алынған, түр). Ресми түрде жарияланған хабарлама тек жарияланғаны үшін «шынайы» болып кетеді. Шын мәнінде factoид – шындыққа жанаспайтын, бірақ белгілі бір жағдайларға байланысты шынайы болып танылып кеткен және шынайы ақпарат деп жарияланған хабарлама.

Бір қарағанда factoид фейкқа ете ұқсас, себебі құрылымдалған, «шынайылық қабы» бар. Басқа жағдайда бұл логикаға сай келмейтін «факт», сол себептен оның бірден өтірік екенін білуге болады.

Сонымен қатар бірінші жағдайда да, екінші жағдайда да factoидтардың нақты бағыты мен мақсаты болады.

«Шындыққа жанасатын» бірінші түрі – белгілі бір оқиғаға байланысты немесе нақты дерекке қатысты қалыптасатын пікірге әсер етіп, қоғамдық пікір қалыптастыруды көздейді. Мұнымен қоса қарсы пікір білдірушілер шынайы дерекке де, жалған ақпаратқа да сүйенетін болады. Нәтижесінде пікірталас, дау, қоғамда ұрыс-керіс орын алып жатады.

Фактоидтың екінші түрі «ақпараттық шу» тудыру мақсатында пайда болады, ақпараттық каналдарды қайта қосуды, шоғырланған нақтылы жана-

лықтарды жырмалауды, оқырман назарын басты жаналықтан алып кетуді мақсат етеді.

«Фактоид» терминін 1973 жылы америкалық жазушы-романист Норман Мейлер Мэрилин Монроның өміrbаянын жазу барысында енгізген болатын. Ол фактойдқа «журнал немесе газетке жарияланбас бұрын болмаған деректерді» жатқызады.

Фактоидты белгілі бір тұлғалар немесе үйымдар туралы шындыққа жаңаспайтын ақпарат тарату барысында айтартылған тиімді пайдаланады. Бұл ақпаратты жоққа шығару әрекетін қоғам қабылдамайды. Көп жағдайда «фактоидты ақпараттандыру» саяси қарсыластарын өтірік айтты, қара ниет деп айыптаудан басталады. Осы арқылы фактойд шындыққа жанасады ма деген сезім пайда болады.

Фактоидтың тағы бір белгісі (фактчекинг тәжірибесінен алынған) спикердің шын мәнінде бір-бірімен байланысы жоқ деректерді пайдалануы, мұндай деректер бір-бірімен байланысты болмаса да мәлімдемеде келтірілгенде бұл деректер себеп-салдарлық болып көрінеді.

Фактоидтың өзге нұсқасы (фактчекинг тәжірибесінен алынған) – спикер жариялаған деректің соншалықты дәл еместігі, нақты, жүйелі болмауы нәтижесінде тексеру мүмкін емес немесе тексеру субъективті түрде өтеді. Фактчекер мұндай жағдайда барлық мәлімдемені емес, тек микротезистерді және мәтіннен алынған сандар мен құжаттарды тексерумен шектелуге мәжбүр болады. Бұл нақтылығы жоқ, қисайған үкім болады.

### Мысал:

➤ «Алғаш реет біздің мемлекет өз тарихында Халықаралық валюта қорынан 2 миллиард алды – мұндай жұмысты ешбір үкімет істей алмаған, себебі алынған ақшаға пайыз қойылып, Украина оны жарна арқылы төлеп отырған».

➤ «Украина шетелге электр энергиясын ішкі бағадан қымбат бағаға сатуға құқығы жоқ. Тариф көтерілуінің себебі осы».

### **3.4. Манипуляция, популизм. Тарау себебі. Әдептегі белгілері**

#### **Манипуляция**

Фактчекингтік сараптама саяси риторикадағы шындыққа жанаспайтын деректі жоққа шығаруға бағытталған. Дәл осы саясатқа жақын және саясат төңірегінде жүрген тұлғалар қоғамның басым бөлігіне әсер етіп, оған қажет құралға (қаржы және техникалық мүмкіндітерге) ие, ең бастысы олар өзіне ыңғайлы қоғамдық пікір қалыптастыра отырып, белгілі саяси салмаққа ие болуды көздейді.

Манипуляциялық амал қазіргі заманның ақпараттық кеңістігіне әрдайым төніп тұратын қауіп сияқты – оны игеру оңай, ал әсер ету ықпалы күшті әрі тиімді.

Жаумен құресу үшін оны жан-жақты зерттеу керек. Манипуляция мәні мен әдісін білу фактчекердің негізгі құралы. Сол себептен бұл түсінікті тоłyқ қарап шығамыз.

«Манипуляция» сөзі латын тілінен аударғанда **manus – қол**.

Шын мәнінде, жалпы манипуляция үғымын көз алдымызға елестетіп көрсек, белгілі бір мақсатпен бір нәрсені немесе біреуді басқару дегенге сяды. Мәселен, жіппен басқарылатын қыуышақ және соған үқсас нәрслер. Осыны ескереміз.

Еуропалық тілдер сөздігінде «манипуляция» үғымы – белгілі бір ниетпен, мақсатпен объектілерге немесе адамдарға жасалатын әрекет деп түсіндірілген. Олай дейтіні – мұндан әрекет жасау үшін ептілік пен икем керек. Осыдан келіп «адамдармен объектілермен сөйлескендегі епті сөйлеседі» деген үғымда қазіргі ауыспалы мағынасы пайда болған. Ағылшын тілінің Оксфордтық сөздігінде манипуляцияны **«адамдарға әсер ету немесе адамдарды менсінбей епті басқару, жасырын түрде басқару немесе ықпал ету актісі»** деп түсіндіріген.

«Манипуляция» сөзіне жақын терминге **«макиавелизм»** сөзі жатады – «мемлекет басқаруда немесе әкімшілікте айла-құлықты пайдалану». Бұл жайында итальяндық жазушы Никколо Макиавеллидің еңбектерінде айтылған.

Қазіргі заман психологиясында осы сөзге үқсас сөз бар. Бұл сөз адамдардың өзара тілдесінде іске асыратын құлық әдісін сипаттайты. «Макиавелизм» анықтау сөзін ағылшындар XVI ғасырдың сонында пайдалана бастаған, терминнің өзі Оксфорд сөздігінде 1626 жылы аударылған.

«Макиавеллизм» түсінігі «манипуляция» сөзінің ұттысыздық пен қатын-гездік мағынасын терең ұғынуға көмектеседі. Бүгінгі таңдағы саяси өлшемде (тек Украина емес, қуллі әлем бойынша) – манипуляция шын мәнінде ықпал ететін прагматикалық құрал, әкімшілік басқарудағы әдіс болып келеді, бірақ бұл жалпы мойындалып, қабылдаған мораль нормасына жатпайды. Оның қасиеті қалайда мақсатқа жету болып келеді.

Манипуляциялық түрдегі әсер ету әдісі жасырын түрде жүргізілетін дүние екенін атап өткен жөн. Оны іске асыратын жақ бар қүшін салып, манипуляция арнайы бағытталған жақ, оның манипуляция екенін білдіртпеуге тырысады. Манипуляция арналған жақ мұны манипуляция емес, өзінен-өзі болып жатқан оқиға деп қабылдан, сенсе, онда манипуляция сәтті жасалды деуге болады.

Неге манипуляциялық технологиялар біздің заманымызда қатты тарап кетті және оның қоғамға төндіретін қаупі қандай? Оның себебі мынадай:

- Манипуляциялық ықпалдың қоғамдық пікірге әсер етуі көп жағдайда жаңа ақпаратты технологиялар және коммуникация құралдары арқылы қүшейіп жатыр;
- ақпарат тарату мен алуштың қолжетімді болуы;
- манипуляциялық ықпалдың әсерінен қорғайтын әлеуметтік-психологиялық жүйенің жоқтығы;
- халықтың басым көшілігінің әлеуметтік/саяси/әскери сипаттағы сәтсіздік салдарынан ұзақ уақыт бойы күйзелісте болуына байланысты кез келген ақпаратты тез қабылдауы;
- манипуляциялық ықпалдың бақылауға келмей таралуы және жаңа манипуляциялық технологияларды пайдалану;
- манипуляциялық технологияларға тосқауыл қоятын нормативті-құқықтық базаның нәтижесіздігі (сонымен қатар манипуляциялық технологияларды пайдаланушыларды жауапқа тарта алмайсын).

Манипуляциялық технологияларды пайдаланатын жақ, көп жағдайда өзіне мынадай мақсат қояды:

- саяси/әлеуметтік/психологиялық клишелерді тираждау;
- белгілі бір оқиға мен құбылыстарды дәріптеу;
- белгілі бір топтар мен тұлғаларға жылышырайлы пікір қалыптастыру;
- нақты адамдар мен ұйымдар, идея мен бағдарламалардың «жасалған үлгісін» тарату, жариялау;
- бәсекелер мен орын алған оқиғаның беделін түсіру;
- Деректі бұрмалау арқылы өзіне керек қоғамдық пікір, ойлау стереотипін қалыптастыруды мақсат ету;
- Өсек тарату, жағдайды сынау, үрей тудыру.

Манипуляторлардың жоғарыда атап өткен стратегиялық есебі белгілі бір тетіктер арқылы іске асырылады. Фактчек контексінде біз саясаткерлер мен мемлекеттік қайраткерлердің мәлімдемелерінде жиі кездесетін элементтерін қараймыз. Элбetteтте әрбір спикер өз жеке ерекшелігіне байланысты және жағдайды білуіне қарай манипуляцияның өз әдістерін пайдаланады.

Украинадағы фактчекинг тәжірибесіне сүйене отырып, мәлімдемелер мен тезистерде жиі кездесетін «әдептегі» манипуляциялық элементтер мен әдісті көрсетеміз. Журналистер мен фактчекерлер дәл осы жағдайда мән беруі керек, себебі осы белгілер риторикадағы манипуляцияны анықтайтын негізгі матрица болып келеді. Спикердің қай тақырыпты – саяси, экономикалық, әлеуметтік болсын, алатыны маңызды емес. (№8 кесте).

№8 кесте. Әдептегі манипуляция белгілері және оны пайдалану мақсаты

Белгі	Мақсат
Жалпылама деректі пайдалану және деректің ауқымын/көлемін ерекше көрсете арқылы/егжей-тегжей айтпай, себеп-салдарын жеткізбей, маңыздылығын атап өтү.	Белгілі бір тұлғаларға/оқығаларға деген негатив пікір қалыптастыру/қате әрекетіне назар аудару/шешіміне көніл бөлу, әлеуметтік жағдайды ушықтыру, шынайы жағдайды бұрмалап көрсету.
Екінші дәрежедегі деректі пайдалана-/көрсеткіштерді/ цифrlарды және ауқымын үлкейтіп көрсете/оқығалардың маңыздылығын арттыру.	Екінші дәрежедегі деректі әспеттеу, орын алып отырған жағдайды ұмыттырып, басқа нәрсеге назар аударту/оның себеп салдарынан шатастыру.
Дерек/оқығаларды салыстыруда жарқын метафоралық салыстыруларды пайдалану, ал шын мәнінде бұл оқығалардың бір-бірімен қатысы, байланысы жоқ.	Жарияланған ақпаратқа салмақ беру мақсатында, назар аударту үшін қосымша назар аудару, мүмкіндігінше бұл ақпарат ауқымды аудиторияға тарату мақсатында.
Әдейі арттыру/ Көрсеткіштерді азайту/қол жеткізген жетістіктер туралы дерекке қатысты.	Орын алған оқығаны бұрмалайтын тұлға немесе оқығага ерекше назар аудартып, назарды шешімін таппаған өткір мәселелерден алып кету үшін шынайы деректі бұрмалуа.
Қоғамға өзекті мәселелерге қатысты шындыққа жаңаспайтын деректі әдейі пайдалану.	Белгілі бір адамдардың/топтардың/ мемлекеттік құрылымдардың/ беделін түсіру мақсатында негатив пікір қалыптастыру, әлеуметтік жағдайды күрделендіру.

Бір түсінік туралы түсініктемені екінші бір түсінікке аудару (әдейілеп жасау, қателесіп жасау).

Адамдарға немесе оқиғаларға ерекше назар аударып/оған салмақ беріп, жағдайды шатастыру, назарды басқа нарсеге аударту.

Орын алған оқиғаға қатысты жауапкершілікті өзге біреуге, өзге топқа аудару арқылы олардың қателіктеріне қөніл бөліп, атап өту.

Жауапкершілікті өзге тұлғаларға аудару, негатив пікір қалыптастыру, сенімсіздік туғызы, белгілі бір адамдардың/топтың/ мемлекеттік құрылымдардың беделін түсіру, әлеуметтік жағдайды күрделендіру.

Көп көлемдегі цифrlарды пайдалану арқылы /дерек/кесте/схема/графика пайдалану арқылы, негізінен бұл деректердің маңызы айтарлықтай болмаса да 1-2 «басты» деректі (арасында жалған ақпарат) спикер өзіне «керек» түрде пайдаланады.

Ақпаратты шынайы, салмақты етіп көрсетіп, көзделген аудиторияға керек деректі жариялау. Атап өтілген деректе «қажетті» қөніл аударту және белгілі бір адамдарға, топтарға, мекемелерге негатив пікір қалыптастыру.

Кестеде көрсетілген жалпыламадан байқағанымыз, манипуляциялық техниканы пайдаланушылардың мақсаты жай ғана:

- Шынайы картиналы, оқиғаны, нақты деректі бұрмалау;
- Кең ауқымды аудиторияға ену;
- Назарды бөліп жіберу, жағдайды ушықтыру, орын алған оқиғаға қатысты жалған пікір қалыптастыру;
- Жеке басының жағымды жағын көрсету, мәселелерді әлсірету.

## Популизм

«Манипуляция» мен «популизм» ұғым ретінде бір-бірінен айырмасы болғанымен, риториканың негізін құраушы ретінде ортақ тетіктерді жиі пайдаланатының фактчекер тәжірибесі көрсетіп отыр. Олар бір-бірін күштейте отырып, танымал адамдардың тезистерінде тоғысып отырады және жарияланған деректердің шынайылық елесін тудырады. Сол себептен популистік риторикасы көп мәлімдемелерді жоққа шығару мүмкіндігі туған кезде манипуляциялық мәлімдемелерде пайдаланылатын әдіс пен матрицаны қолданады.

«Популизм» ұғымын тереңірек қарастырып көрейік.

Популизм – саяси мәдениеттің бір түрі, бұл мәдениеттің өкілдері бұқара халықтың қөніл-күйін құптаі отырып, олардың басынан кешіріп отырган қызындықтарын пайдаланып, «білікке келсек осы мәселелерді шешіп береміз» деп уәде етеді.

Популизмге демагогия, берген уәдесіне, уәде еткен шешіміне тұрмай белгісі тән, себебі уәде еткен шешімді іс жүзіне асыра алмайды, асырса да

саяси күштерге ыңғайлы түрде, өте аз мөлшерде іске асады.

Популистерді әшкөрелу қыын емес, алайда олардың асыра сілтегенін және уәде еткен шешімдерін іске асыру мүмкін еместігін мойындану қыын, себебі олар өздерінің мықты демагогиялық аурасына байланысты түрлі уәденің орындалмау себептерінің алуан түрлі деректерін келтіреді.

Қазіргі заманның саяси лексиконы популизмді «саяси құрестегі тактикалық әдістердің жиынтығы» деп ұғындырады.

Бір қарағанда популистердің риторикасы өте орынды – бірнеше қатаң, прагматикалық, бірегей шешім арқылы құллі экономикалық, саяси, қоғамдық жағдайды түбекейлі өзгертуге болады. Алайда мұндай шешімдердің аналитикалық негізі жоқ болады.

Популизм мен популистік риториканың тағы мынадай ерекшеліктері бар:

- қоғамның басым бөлігін толғандыратын өзекті мәселелерге жауап беруге тырысады;
- уәденің ауқымы;
- тұрмыстық лексикаға негізделген және тұрмыстық санамен үндескен ойды тұжырымдаудың айқындығы;
- саяси қайраткер/топ өткізетін шаралардың бірегейлігі, ерекшелігі кең ауқымды аудиторияның санасын билеуді көздейді;
- мақсатты аудиторияға тікелей немесе БАҚ және басқа да ақпарат арналары арқылы үндеу жариялау;
- қоғам мәселелеріне өзге жетекшілер мен топтарды және мекемелерді кінәлі етіп тікелей (көп жағдайда негіzsіz) айыптау;
- уәдені іске асыра алмағанын айтып, айыпты болmas үшін бұрынғыдан да көп уәде беріп, бөсу.

Популизмнің осал жеріне берген уәделер негізділігін сараптау жатады және ойланбай берген уәде жартылай орындалған жағдайда қабылданған «бір реттік» шешімнің нәтижесі қандай болатыны жатады.

Бұл аспекттің фактчек ктүжырымдамасы популистік мәлімдемелерді жоққа шығару мақсатында белсенді пайдаланады. Сонымен қатар бұл әдіс әсерлі болады, себебі жоғарыда атап өткендегі фактчек дәлел үшін тек ашық дереккөздерін пайдаланады.

Бұл әсер етудің мықты тұғырнамасы, себебі популистердің біліксіздігін көрсетеді, ақпаратты тарату барысында бейтараптылық барын көрсетеді.

Фактчекердің популистік риторикамен жұмыс жасауының қындығы мынада:

- популист-спикерлер өз мәлімдемелерінде нақты деректен өзге түрлі ұрандар мен белгілі бір даяр сөз орамын пайдаланады;
- тезистердің субъективті белгілері көп;
- мәлімдемелер нақты дерекке негізделгенімен болашақта бағытталған, сараптауға келмейді;

- мәлімдемелер өзге тұлғаларға арналған, олардың дәйек сөздері алынған, бұл зерттеу көзін өзгертеді.

Бір жағынан популист-спикерлер «өтірік айтып жіберіп» өздерін өздері алдайтын әсерге үшшырайды. Оның басты себебі – популистер аудиториясымен кездесу барысында жүгінетін әлеуметтік-экономикалық мәселелерді билетін мамандар қатарына жатпайды. Олар бұл саланың қыр-сырын толық біле бермейді, бірақ кең көлемдегі аудиторияға түсінікті деректерді, цифrlарды «пайдаланады». Нәтижесінде пікірталас, мәлімдеме жасау барысында бір тақырып төңірегінде әңгіме қозғалғанда түрлі деректерді айтып, нақтылы қате жібереді.

### **Популистік мәлімдемелердің мысалдары:**

➤ «Егер мемлекет бүгінгі таңда біздің қауіпсіздігімізді қамтамасыз ете алмай отырған халықаралық қауымдастықтың жетелеуінде кетпегенде және құшті әскери құш-қуатынан бас тартпағанда, біздің Шығысымында соғыс, онтүстігімізде басқыншы болmas еді. Алайда оған қарамастан біз өз ғылыми құш-қуатымыздан айырылған жоқпыз, сол себептен ана жақтағылар білсін. Бұл біздің саяси бағдарламамыздың басты тармақтарының бірі... ...»

➤ «Саяси қалау, қоғам мен қорғаныс құштерінің бірлігі болса Шығыстағы соғыс санаулы сағатта аяқталмаса да бірнеше күнде аяқталар еді...»

➤ «Әрбір азамат не үшін ақша төлеп жатқанын білуі абзал! Неге министрлер кабинеті тариф нақты неден құралатынын көрсетпейді? Біз тарифке салынған есеп схемасын ашуды талап етіп, сотқа береміз. Сөйтіп біз схемасы басып шығарылған, қай тариф неден тұратынын айқындаپ айтып беретін тубіртекті әрбір отбасына жеткіземіз...»

### **3.5 Спикердің біліктілік деңгейіне байланысты манипуляциялық мәлімдемелердің классификациясы**

Фактчек тәжірибесі (400-ден астам мәлімдеме тексерілді) көрсеткендей, спикерлер сөйлеу мәнерімен, түрлі әлеуметтік-экономикалық мәселелер жайында хабардарлығымен, мәлімдеме жасаудағы мақсатымен, қызметімен ерекшеленеді. Олардың риторикасын манипуляциялық техниканы пайдалану сапасымен топтастыруға болады.

Спикерлердің риторикаларындағы басты ерекшеліктерін бақылап, шартты түрде «белгі-синдромы» бойынша топтастырық. Топтастыру барысында басты фактор болып тұлғаның біліктілігі, қызметі, оның манипуляциялық-популистік әдісті пайдалану әдепті жатты.

Осы өлшеммен мәлімдемені жоққа шығару дәреже сипаттамасы да шықты (түстермен белгіленді):

- жасыл** – жоққа жылдам шығарылады;
- сары** – жоққа шығарудың орташа деңгейі;
- қызыл** – жоққа шығару өте қыын.

**№9 кесте. Спикерлердің біліктілігі және олардың мәлімдемелерінің анализ күрделілігі бойынша жасалатын мінездеме**

Спикерлердің мәлімдемелері бойынша топтастырылуы	Мінездеме
<b>«Шалапай – популист» синдромы</b>	ақпаратты популистік әдіспен ұсыну – деректерді үстірт қана жеткізу, қате түсіндіру және деректі жеткізудің қисынсыздығы, жалпылама айту, ақпаратты оңайлату және дерек қарқының күшету
<b>«Озат» парадоксы</b>	көп жағдайда деректі саятты түрде жеткізу, тақырыпты жоғары деңгейде білу – дәлелдеме жасау, қисын көлтіру; сонымен қатар қарама-қайшы дәрекі түрде сандардан қате, себеп-салдарлық қате жіберу

<b>«Тотықұс» әсепі</b>	көптеген өзекті мәселелерді білетінін көрсету, статистикалық деректерден хабардарлығын байқату, бірақ жалған ақпаратты қайталай беру / өндөлмеген цифрлы деректер, өз қатесін мойындаамай, бар деректі өз бетінше түсіндіру және ақапаратты айла-амалына пайдалану.
<b>«Ертегіші-фантазер» көрінісі</b>	Кең ауқымға тараітын ақпарат жайында жоғары деңгейде хабардарлығын көрсеткісі келгенімен ол ақпаратты білу деңгейі орташа, сол себептен терминологияда қате жібереді, белгілі бір сандарды айтқанда көбейтіп жібереді немесе азайтып көрсетеді.
<b>«Ақымақ данышпан» аномалиясы</b>	жоғары деңгейде ақпаратты, статистиканы менгерген; себеп-салдарлық байланысты біледі, бейресми дереккөздерден бейресми мәліметтерді біліп отыратын; СОНЫМЕН ҚАТАР – цифrlарды, деректерді өз айналасына пайдалана отырып, мәселені субъективті түрде түсіндіріп, кей деректерді әдейі көбейтіп, немесе азайтып көрсетеді, өз пайдасы үшін жоқ деректі келтіріп, жоқ деректі жалған құжатпен растайды немесе тексеруге келмейтін дереккөздеріне сілтеме жасайды

Дереккөзді тексеру деңгейі әртүрлі болғанымен және дерекқор жинау оңай болмағанына қарамастан бұл мәлімдемелердің басым көвшілігін фактчек әдісімен тесеруге болады.

Әдетте «жасыл» түске жататын мәлімдемелер терең зерттеуді талап ет-пейді және статистикалық немесе құжат негізінде ашық дереккөздердің дерегімен жылдам жоққа шығарылады, блиц форматында жарияланады (сирек жағдайда – сараптама, бірақ материалдар жинақы, толықтырылатын ақпаратсыз беріледі).


«Сары» түстегі мәлімдемелерді тексеру сараптамалық элементтерді талап етеді, кең ауқымдағы дереккөз спектрін қажет етеді, сирек жағдайларда мемлекеттік органдарға толыққанды ақпарат алу үшін жіберілетін сауалнама керек етеді. Мұндай материалдардың басым көвшілігі факт-чек-аналитика форматында беріледі.

«Қызыл» түстегі мәлімдемелерді жоққа шығару жұмысы өте терең сараптаманы қажет етеді. Түрлі деңгейдері ақпарат көзі, кәсіби сарапшылардың кеңесі, толықтырылатын ақпарат алу үшін мемлекеттік органдарға сауалнама жіберуді керек етеді.



# ДЭЛЭЛДЕР ҚОРЫ

4-БӨЛІМ





## **4-бөлім. Дәлелдер қоры**

### **4.1. Дәлелдер қорын құру. Қатенің алдын алу**

Алдыңғы бөлімдерде танымал тұлғалардың мәлімдемелері мен те-  
зистері фактчек тұжырымдамасының негізгі зерттеу нысаны болатыны  
егей-тегжей қаастырылған болатын. Зерттеудің өзі мәлімдемеде ай-  
тылған деректердің рас-өтірігін дәлелдейтін дерек жинаудан, дәлел, факт  
іздестіруден тұрады.

Дәлел қоры тек ашық дереккөздерінен алынған ақпараттан құралады.

Дәлел қоры қалай жиналады? Бұл шара барысында қандай әдіс, амал  
пайдаланылады? Алынған дерек қалай конверсияланады? Осы және де  
дәлел қор жайындағы мәселелер осы бөлімде қаастырылатын болады.

Керек дәлелдер мен деректерді жинау, зерттеу процесі осының бар-  
лығы жалпы дәлел түсінігіне жататынын бірден атап өткен жөн. Сол се-  
бептен қысқаша ғана түсінікті өзін қаастырсақ.

Дәлел – ең алдымен ақықаттың анығын дәлел, дерек, құжат, кәсіби  
пайым негізінде анықтайдын логикалық операция.

Логикалық әдістер жиынтығы арқылы айтылған түрлі пайымның (мәлімдеме немесе тезистің) шынайылығы өзге шынайы пікірлерге (де-  
ректер мен құжаттар, статистикалық деректерге) негізделеді.

Кез келген пікірдің шынайылығы құдік туғызғанда оны тексеру қажет-  
тілігі пайдаланылады. Фактчек жағдайында журналист кез келген мәлім-  
демені немесе тезисті тек сөзсіз шындыққа жататын пікір болмаса ғана  
– шынайы деп қабылдамауы тиіс, ол барлық мәлімдемелерге құдікпен  
қарап, алдын ала жасалған талдау арқылы тексеру мүмкіндігін іздеу тиіс.  
Осы шартты орындағаннан кейін дәлел жинай бастауы қажет.

Алайда фактчекердің (және жалпы фактчек тұжырымдамасының) мақ-  
саты – танымал тұлғалардың сөзінен өтірік іздеу!

Фактчек тетігін пайдалану барысында жіберілетін үлкен қателердің  
біріне – субъективизм және «қызық, өткір мәселе» көтеремін деп бейта-  
раптықтан айырылу жатады.

Ең алдымен фактчекер жасалған мәлімдемеде бар деректің рас-өтірі-  
гін анықтауы тиіс, бұл дерек қаншалықты шындыққа жанасатынын білуі  
қажет.

Бұл жайында қосымша фактчек тұғырнамасында сай келетін дәлел  
құрлымында айтылған. Яғни, дәлел негізі жалпы алғанда мынадан тұра-

ды:

- тезис/мәлімдеме – рас-өтірігі дәлелденуі тиіс пікір, пайым;
- дәлел және дерек – тезисті дәлелдеуде пайдаланатын (шынайы) дерек/ құжат/жалпы мәлімет;
- әрекет (дәлел формасы) – анализге түскен тезис және келтірлген дәлелдің логикасына негізінделген әдіс, амал.

Жалпы логика сияқты фактчек тұғырнамасы дәлелдің екі түрін пайдаланады – тікелей және жанама дәлел.

**Тікелей** дәлел – дәлелдерді қарастырып, бұл тезистегі дәлелдің шынайылығын (жалғандығын) дәлелдеуге кіріседі. Көп жағдайда тікелей дәлелдерге статистикалық деректерді пайдаланады, түрлі құжаттар мен мемлекеттік органдардың ресми жауабын келтіреді.

**Жанама дәлелді** пайдалану барысында тезисте бар дәлелдің шынайылығы (жалғандығы) дәлелдеу үшін айтылған тезистің жалғандығын дәлелдеу әдісін пайдаланады. Бұл әдісті тікелей дәлелді ала алмаған жағдайда іске асырады.

*Жоғарыда көрсетілгенге негізделе отырып, фактчек тұғырнамасы бойынша дәлелдеу схемасының шартты құрылымын шығаруға болады:*

- мәлімдеме/ тезис (сипаттамасы бойынша –3 бөлім қарау) анализін белгілеу мүмкіндігі;**
  - зерттелетін нақты деректі, құжат, цифрлық деректі «кристалдау»;
  - ақпарат дереккөздерін белгілеу;
  - пайда болған қосымша ақпарат көздерін белгілеу;
  - пайда болған дәлелдерді қысынға сай құрастыру;
  - қосымша дәлелдер мен деректі белгілеу;
  - түпнегіздегі ақпаратты оқырманға жеткізу барысында ұтымды әдісті пайдалану (оның ішінде кесте, схема, графика, карта, видео)
  - материалдың ұтымды форматын анықтау (блиц, аналитика, суперблиц)
  - шығарылуы тиіс үкім болжамы.

Бұл келтірлген жұмыс схемасын журналист-фактчекер жұмысын жоспарлау кезеңіне жатқызуға болады, оған алдында жасалған жұмыс негіз болады, яғни дереккөз, дерек жинау әрекеті жатады. Сонымен қатар жоспарлау кезеңі журналист жұмысы жүйесінің ажырамас бөлігіне айналуы тиіс. Егер бұл жүйені мәлімдемелерге аналитикалық зерттеу жасаймыз деген редакция ұжымы, сарапшылар тобы немесе фактчекерлер ұстанса, онда бұл жүйенің мінсіз түрі болар еді. Бұл неге маңызды?

**FactCheck** тәжірибесі көрсеткендей, көп жағдайда жасалған мәлімдемелер мен айтылған тезистерде бір қарағанда:

- терен зерттеуді талап ететін дерек жоқ;
- блиц форматында жасалған немесе қысқа аналитикалық мақала болуы мүмкін;
- алғашқы дереккөзі ашық болып көрінеді;
- құрылым логикасы жеңіл болып көрінеді.

Алайда алдын ала жасалған мұндай болжам жалған болып шығады, оны тек жұмыс барысында білесіз. Мұндай жағдайда осы уақытқа дейін жасалған материалды қайта өндеп, жаңа дерек іздеу қажеттігі туады. Бұл өз кезегінде мәлімдемені өңдеу уақытын ұзартады. Олай болған жағдайда жасалған мәлімдеменің өзектілігі жойылуы мүмкін немесе осыған ұқсас, өткір айтқан өзге тұлғаның басқа жағдайда жасаған мәлімдемесі пайда болуы ықтимал. Мұндай жағдайды болдырмау үшін мүқият түрде алдын ала жоспарлап алған дұрыс, ұжыммен талқылап, дерек қорын жинаудың ұтымды жағын қарастыру керек.

Сонымен қатар қатар жібермес үшін тезис, дәлелдерді қарастыру барысында фактчек тұғырнамасында көрсетілген өзекті, жалпы логика ережелерімен жүру керек.

### **Тезистерді қарастыру барысында қателердің алдын алу ережелері**

- зерттеу топтастырылған тезис немесе мәлімдеме нақты әрі айқын болуы тиіс;
- тезис немесе факті дәлелдеу барысында салтанатты болып қалуы тиіс, деректердің әсерінен қысқармауы немесе өзгермеуі тиіс;
- зерттеу барысында тезисті өзгертуе керек;
- белгілі бір спикер жариялаған тезис дәлелі автордың біліксіздігін дәлелдейтін тезис болып қалмай, сол тезистің дәлелі болып қалуы тиіс.

### **Дәлелдермен жұмыс істеу барысында қателердің алдын алу ережесі**

- келтірілген дерек айқындығы (мәселен, статистикалық дерек), дәлел ретінде пайдаланылады;
- шартты, алдамшы тұрдегі деректерді пайдаланудан бас тарту керек, мұндай дерек жалған болжамдардан тұрады (әдетте мұндай дерек – «барлығына мәлім», «бұрыннан бері белгілі болғандай..» деген сөз тіркесімен «жасырын» айттылады).

### **Дәлелді құрастыру барысында қателердің алдын алу ережесі**

- тезистерді атап өткенде дерек дұрыс алынбаса, дерек нақты болмаса, тезиске тікелей немесе қосымша байланысы жоқ болса, оны тезиске «нәтижесінде...», «қорытындылай келгенде...» деген сөздермен байланыстырса, оған ауызша дерек келтіруге болмайды;

- уақытпен шектелген деректерді олардың түзетілгенін немесе өз-герпілгенін тексермей тұрып пайдалануға болмайды;

- дәлелдеу схемасына (тақырыптың өзектілігін әсірелеп көрсету мақсатында) саладағы немесе аумақтағы нақты жағдайларды дұрыс көрсетпей, бұрмалап көрсететін шартты салыстыруларды пайдаланбау керек;

- тезистің жалғандығын дәлелдейтін деректі қайталап берудің қажеті жоқ;

- екінші деңгейдегі аргументтерді негізгі мәселені үстемелеу үшін керек жағдайдаға ғана пайдалану, бірақ зерттеуді қосымша элементтермен «ластамау» үшін мүмкіндігінше аз мөлшерде қолдану;

- егер екі немесе одан да көп аргумент табылса, және олар «салмағы» жағынан шамалас болса, онда дәлелдеудің логикасын бір ғана дәлел төңірегінде құрастыру керек, осы арқылы адам назары басқа дүниеге ауыспай отырады (кәсіби және мойындалған дереккөзге басымдылық жасалады, ал қалған дерек жағдайда қысқаша ғана көрсетіледі).

## **4.2. Фактчек тұғырнамасы бойынша жиі пайдаланатын дәлелдеу әдісі**

Фактчек тұғырнамасы бойынша, мәлімдеме/тезистерді зерттеу әдісі логика бойынша жасалатын зерттеуге, экономикалық анализға ұқсайды. Фактчек әдісі женілдетілген әдіс, бірақ негізі логика мен экономикалық анализдан алынған. Жиі пайдаланатыны: салыстыру, үлгілеу және жоққа шығару.

### **Салыстыру**

Салыстыру – зерттеу әдісі /белгілі бір оқиға, деректі зерттеу барысында ғұл оқиғаны немесе деректі бұрын болған өзге оқиғалар мен деректермен салыстыру нәтижесінде қайсысы жақсы, қайсысының қандай кемшілігі барын анықтау арқасында біліп, тану.

Салыстырудың арқасында зерттелген деректің ерекшелігін, өзгеріске ұшыраған тұстарын, динамикасын, тенденциясын, заңдылығын анықтауға болады.

Фактчек тұғырнамасы бойынша (журналистикадағы классикалық зерттеу бойынша) салыстыру әдісін пайдаланып, құжаттарды, статистикалық деректерді салыстырып қарайды.

Бірінші кезекте бірнеше құжаттың мазмұнын салыстырады. Келесі жағдайда құжатқа сілтеме жасалған мәлімдеме зерттеліп, құжатта бар дерек пен мәлімдеменің мазмұны салыстырылады.

Ал статистикалық деректерге келер болсақ, онда жай ғана жарияланған мәлімдеме мен ақпаратты түпдеректе бар ақпаратпен салыстырады.

Құжатта бар деректер мен статистикалық мәліметтерді фактчек-блиц форматындағы материалдарды дайында барысында, яғни айтылған төзисті терең зерттеудің қажеттілігі жоқ кездे пайдаланады.

Зерттелетін тезиске кең ауқымдағы анализ керек болған жағдайда, салыстыру әдісі күрделі болған сәттерде **мынандай ережелерді ұстанған жөн:**

- салыстыру үшін сапалы көрсеткіштермен сай келетін деректі, құбылыстарды алу керек;
- салыстыруға түсетін база зерттелетін нысан/құбылыс/дерек/факт жайындағы ақпаратқа толы болуы керек;
- салыстырма түрін анықтау керек – статистикалық, динамикалық, кеңістік;
- салыстырудың межесін немесе өзге де шама түрін анықтап, шығарылатын үкімге әсер ететін оқиғаның маңыздылығын белгілеу керек;

- салыстыру үшін салыстыру белгісін, мөлшерін анықтау керек – оның саны зерттеуге түсетін объектімен тең болу қажет;
- салыстыруға түсетін нышан түрлерін анықтау қажет.

## Үлгілеу

**FactCheck** тәжірибесі көрсетіп отырғандай, нақты дерегі бар мәлімдеме немесе тезіз болады, бірақ оны тікелей дәлелдеу мүмкін емес немесе түрлі субъективті себеп-салдардың кесірінен (мәселен, жедел зерттеу жасауға қазіргі кездегі статистикалық деректің жоқтығы әсер етеді, әдетте мұндай деректі жариялайтын органдар өз деректерін бір айға немесе одан да көп мерзімге кешіктіріп жариялады) зерттеу жұмыстарын жүргізу қыныңа соғады.

Өзге жағдайларда – мәлімдемелерде күрделі немесе көп деңгейлі мәселе көтеріледі, яғни бірнеше сала тақырыбын ауқымдайды және ақпарат көлемі бойынша өте көп. Мәлімдемедегі деректерді қарапайым әдіспен зерттеу мүмкін емес.

Мұндай жағдайда деректі құрастыру үшін үлгілеу әдісі іске асырылады. Дерек толығымен осы әдіске негізделеді және оның негізгі бөлігі ретінде пайданылады.

Үлгілеу әдісін жалпы алғанда теориялық және тәжірибелік зерттеудің жанамалы түрі деуге болады (фактчек тұғырнамасында –танымал тұлғаның мәлімдемесі) тұра объектінің өзі болмаса да, оған ұқсас объектіні немесе объектінің орынбасарын (модель) алып, одан шыққан ақпаратты зерттеудің негізіне «ауысады».

Фактчек құрылымы бойынша, үлгілеу әдісі мәлімдеме немесе тезисті зерттеудің өте нәзік тетіктерінің бірі. Фактчектің басты өлшемшарттарының біріне барынша объективті, әділ болу жатады. Болжам жасап, бар дерек пен фактіні айла-амал мақсатында пайдаланбау жатады. Ал біздің байқағанымыз, үлгілеудің анықтамасының өзінде фактчек тұжырымдамасына теориялық қарма-қайшылық бар – журналист шартты түрдегі, болжанған, дүниеде жоқ анализ платформаларын жасауға барады. Бұл қауіпті, себебі сәл ғана қате кетсе немесе үлгілеу схемасында қате болса үкім дұрыс шықпай қалу қаупі бар.

## Сол себептен үлгілеу әдісін пайдаланғанда мынау өте маңызды:

- оқиға/құбылыс/үдерістері бірдей болу керек /тепе-тең/ салыстыратын белгісі бар;
- үлгіленген жайт түпнұсқаға етene жақын болуы тиіс немесе тепе-тең болуы қажет;
- қолдан жасалған модельдің өлшемдері мен параметрлері түпнұсқаға ұқсас болуы тиіс;
- модельден түпнұсқаға «ауыстырғанда» белгілі бір мөлшерде жаңсақтық, сәйкессіздік болатынын ескерген жөн, бұл өз кезегінде жалпы

**жағдайға әсер етпейді, бірақ субъективті болды деген кінә тағуға негіз бола алады.**

Жалпы алғанда үлгілеу әдісі (басқа да салыстыру әдістерімен бірге) күрделі форматты дәлелдеу әдісіне жатады. Фактчек тұғырнамасында оны аналитикалық материалдарды зерттеу барысында, тақырыбы, дерегі бойынша күрделі тезистерді тексеру барысында пайдаланады.

### **Жоққа шығару**

Мәлімдемені немесе тезистерді зерттеу барысында жоққа шығару әдісін фактчек тұғырнамасының негізгі тетігі деп айтуға болады. Мұндай әдістің түрі көп – бөлімде оны нақты мысалдармен қарастырамыз.

Жоққа шығару әдісін толыққанды түсіну үшін және оны пайдалану тетігін түсіндіру мақсатында осы тетіктің мәнісіне тоқталу қажет.

Логикалық нормаға сай жоққа шығару – пайымдау (оның формасы әртүрлі – ауызша немесе жазбаша болады) ол тезистің қатесін, дәрмен-сіздігін, жеткіліксіз екенін көрсетеді.

Байқағанымыз жоққа шығарудың классикалық сипаттамасының өзі фактчек тұжырымдамасының мақсаты мен мазмұнын көрсетіп отыр. Анықтаманың ұқсастығы жоққа шығару әдісі фактчектің жалған деректі анықтаудағы, танымал тұлғалардың мәлімдемелеріндегі манипуляция мен популизмді әшкереудегі басты тетігі екенін көрсетіп отыр.

Өз белгілері мен тетігі бойынша жоққа шығару әдісінің үш түрі бар (оны фактчек те пайдаланады):

**- тезисті жоққа шығару** – нәтижесінде тезистің қателігі мен жалғандығы мойындалады;

**- дәлелді жоққа шығару** – дәлелдің қателігін анықтау арқылы тезистің қателігін көрсетеді;

**- көріністі жоққа шығару** – тезистің қателігін дәлелдің жалғандығымен көрсетеді.

#### **4.3. Жоққа шығару әдістері – талдап тексеру және мысалдар**

Жоғарыдағы бөлімде көрсетілген әрбір топтың бірнеше әдісі бар. Со-ларды толығырақ мысалдармен қарастырамыз.

##### **Тезисті жоққа шығару**

###### **Бірінші әдіс – тезисті дерекпен жоққа шығару**

**Мысал:** «Ағымдағы жылдың бюджетінде 600 млн гривен энергия үнемдеуге бөлінген...»

**Түсіндірме.** Тезис нақты деректен тұрады – **600 млн гривен энергия үнемдеуге.**

Осы деректің рас-өтірігін анықтау үшін (жалпы тезистің өзін) алғашқы дереккөзді тапса болғаны, шын мәнінде осындай сомадағы ақша аударылғанын анықтап, яғни зерттеліп жатқан деректің шынайайлығын анықтайтын немесе жоққа шығаратын басқа деректі табу керек.

###### **Екінші әдіс – тезисті шынайы жаңа шыққан тезис арқылы жоққа шығару**

**Мысал:** «Энергияны үнемдегені үшін жәрдемақы немесе субсидияны қолма-қол алған азаматты көрсетіңізші... Ешкімге берген жоқ!...»

**Түсіндірме.** Мәлімдеменің мәні – **ешбір азаматқа қолма қол ақша берген жоқ дегенді айту**

Бұл дерек пен мәлімдемені жоққа шығару үшін өзге тезисті айтуды керек – азаматтарға белгілі бір бағдарламамен қолма-қол ақша берілді. Бұл азаматтардың санын анықтау арқылы біз өз мәлімдемеміздің шынайайлығын, ал жоғарыда айтылған тезистің жалғандығын көрсетеміз.

###### **Үшінші әдіс – шындыққа жанаспайтын нәтижені белгілеу арқылы тезисті жоққа шығару**

**Мысал:** «Мен бұрынғы үкімет халықаралық ұйымдардың емес, қарапайым халық мұддесін қорғады деп сендіре аламын...»

**Түсіндірме.** Мәлімдеменің нақты өлшемі болмаса да үкіметтің қай бағытқа басымдық бергенін анықтау керектігін көрсетеді.

Ол үшін үкімет әрекеті қарапайым халық пен халықаралық ұйымдарға қандай нәтиже бергенін сараптау керек. Бұл жағдайда халықтың әлеуметтік-экономикалық көрсеткішін бағалайтын және шетелдік компаниялар-

дың қандай жеңілдік алғанын бағалайтын өлшемдер керек. Зерттеу нәтижесінде біз үкіметтің екі объектіге жасаған әрекетін көреміз. Егер нәтижесі жақсы болмаса, онда тезис жалған болып шығады, яғни нақты жағдайды сипаттай отырып, тезисті жоққа шығаруға болады.

### **Дәлелдерді жоққа шығару**

#### **Бірінші әдіс – дәлелдердің жалғандығын анықтау**

**Мысал:** «Бюджетте халықта 80 миллиард субсидия беру көзделген! Өте сұмдық сома! Бұл ақшаны зейнетақы мен жалақы көтеруге беріңіз...»

**Түсіндірме.** Тезистің негізгі аргументі – **80 миллиардпен зейнетақы мен айлықты көтеруге болады.**

Тезистегі аргументтер мен тезистің қателігі қарапайым есеппен анықталады, яғни ең тәменгі зейнетақы және еңбекақы мәлшері қаншалықты өседі (көпшілік мақұлдаған өлшем), егер осы қаражатты зейнет жасындағы азаматтарға тең бөлсе немесе ең тәменгі жалақы алатын азаматтарға бөлсе. Осы көрсеткіштерді белгіленген уақыттағы зейнетақы мен еңбекақының орташа деңгейдегі өсу мәлшерін салыстыру барысында аргумент пен тезистің қателігі анықталады.

#### **Екінші әдіс – тезиске қатысты аргументтердің жеткіліксіз екенін анықтау**

**Мысал:** «Азаматтарға көмек беру үшін жұмысалады деген қаражат шын мәнінде олигархтардың қалтасына кетіп жатыр. Бюджеттен шығарып – энерготәуелдік пен кедейлікті сұрлеу арқылы... монополистерге берді!»

**Түсіндірме.** Мәлімдеменің басты аргументі – **қаражат дұрыс жұмсалмайды.**

Алайда бұл ешбір құжатқа немесе статистикалық дерекке негізделмеген, себеп-салдары көрсетілмеген, тек ресми түрде айттылған сөз ғана. Бұл тезисті жоққа шығару мүмкіндігі көп, себебі оның барлығы ашық әрі қолжетімді, тек қаражаттың тұсы көрінісі болса болғаны. Алған деректің саны мен сапасы мәлімдемеде бар кемшілікті көрсетіп береді.

#### **Үшінші әдіс – құдікті деректерді анықтау**

**Мысал:** «Алдыңғы үкіметтің жұмысы барысында мемлекеттің сыртқы қарызы өсіп кетті дейді? Онда осы мезгілде алтын-валюта сақтық қорлашының өскенін көрейік? Ол 34 миллиард долларға дейін өсті...»

**Түсіндірме.** Спикердің дәлелдеудің көзделгені – **бірінші көрсеткіш айтарлықтай жаман еместігін көрсетіп, екінші жақтың жақсы жағына да назар аудару.**

Бұл манипуляция жасаудың классикалық түрі екенін атап өткен жөн – негатив құбылысты азайтып, позитивті жағын үлкейтіп көрсету. Сол се-

бептен дәлелдеу барысында көрсеткіш шынайылығына басты назар ауда-рудан бұрын бұл көрсеткіштердің өзгеруі бір-біріне байланысты болған заңдылығын ескерген жөн. Дәл осы жайт тезистің қателігін, тезистің күмәнділігін көрсетеді.

### **Төртінші әдіс – күмәнді дерек көзін анықтау**

**Мысал:** «Тарихта ең жылдам даму процесі «А» мемлекеті мен «В» мемлекеттерінде болған, оны көбі мойындал отыр. Олар (мемлекет экономикасы – ред.) жылына 12 пайызға өсіп отыр, яғни 15 жыл бойы!...»

### **Түсіндірме:** Басты аргументтер – қарқын және өсу мезгілі.

Дәлелде нақты статистикалық дерек болғанымен, дерек көзі көрсетілмеген. Сонымен қатар көрсеткіштерінің өзі жалпылама түрінде берілген, сол себептен ЖІӨ, экономика, ең тәменгі құнқөріс деңгейі қандай өлшеммен өскені көрсетілмеген. Дәлелдеудің мақсаты – әр өлшемдегі нағыз көрсеткіштерді сенімді, салмақты дереккөзге сілтеме жасап, көрсету. Деректе бар ерекшелік дереккөзден алынған аргумент пен тезистің күмәнділігін, қателігін көрсетіп береді.

### **Көрсетуді жоққа шығару**

### **Бірінші әдіс – тезистен шыққан аргументтердің жалғандығын белгілеу**

**Мысал:** «Мемлекеттің әскери бюджеті долларға шаққандағы баламасы 6 миллиард болды. Бұл ақшаға 1200 шақырым бірінші деңгейдегі сапалы жол салуға болады...»

**Түсіндірме.** Мәлімдеменің көрсетілетін тұсы – **спикер тезистен әскери бюджет мөлшерінен 1200 шақырым жолды шығарып отыр.** Мәлімдеменің қателігі бір қарағаннан шығып отыр, себебі доллар бағамының қайта есептеу курсы көрсетілмеген (қай дата бойынша және қандай курс бойынша), «бірінші дәрежелі» деген өлшем нақты көрсетілмеген – бұл сан қандай есептен европалық немесе белгілі бір елге бейімделген талаптарға сай анықталғаны көрсетілмеген. Балама есеп көрсетіліп, дәлелдерінде қате дерек көрсетілген.

\*өзге әдістері фактик тұғырнамасына аздал бейімделген немесе жоққа шығару тетігіне ұқсас, сол себептен бөлек қарастырылмайды.

## **4.4. Ақпарат көздері. Деректерді өңдеу. Саудармен жұмыс істеу**

### **Ақпарат көздері**

Фактчек тұғырнамасы алдыңғы бөлімдерде атап өткендей дәлел қорын ашық ақпарат көздерінен құруға негізделген. Ашық ақпарат көздеріне не жатады?

Біріншіден, жариялаған ақпараты бұқараға қолжетімді ресурстар, платформалардың біліктілігі күмән тудырмайтын, сарапшылар мойындаған ресурстар жатады.

Бірінші кезекте бұл, әрине – барлық мемлекеттік мекемелердің ресурстары – президент, министрлер кабинеті, парламент, министрліктер, облыс, қала әкімшіліктерінің сайттары.

Келесі деңгей – халықаралық ресурстар, мәселен Еуростат, ХВҚ, БҰҰ, ДДСҰ, Интерпол және тағы басқа.

Сонымен қатар әлем мойындаған аналитикалық, консалтинг, рейтинг анықтайтын платформалар бар, олар өз дерегін кәсіби, сараптамалық түрде беріп отырады, олардың дерегіне көптеген беделді үйімдар сенім артып, пайдаланады. Мұндай ресурстар белгілі бір саланы, өзекті мәселелерді: жемқорлық деңгейі, саяси және экономикалық еркіндік, белгілі бір саланың даму ахуалы сынды мәселелерді әлемдік (құрлықтық) ауқымда зерттеумен шүғылданады.

Мұндай құрлымдар мемлекеттік болмауы да мүмкін, бірақ олардың біліктілігі мен тәжірибесі ақпараттың анықтығына күмән тудырайды.

**В қосымшасында** ақпарат көздерінің класификациясы беріледі және фактчек тұғырнамасында жиі пайданылатын дерек көздері көрсетілген.

Зерттеу жүргізу үшін мынандай ақпарат көздерін **пайдалануға болмайды**:

- БАҚ-та жарияланған жарияланымдар, егер басылым кәсіби болмаса, кәсіби болғанымен, беделі жоқ, мойындалмаған болса (бұл мақалаларда құжаттар, қуәліктер келтірілсе де);

- сарапшылардың пікірі (егер олар бірінші дерек көзіне сілтеме жасаса, тіпті сілтеме жасаса да, басты дәлел ретінде келтірілмейді, қажет болған жағдайда негізгі аргументті күшету үшін ғана қолданылады);

- бірінші дерек көзіне, құжатқа немесе статистикалық дерекке емес, өзге мамандардың сөзіне сілтеме жасаушылар, мейлі ол мойындалған ма-манның мәлімдемесі болса да;

Тәжірибеден байқағанымыз, танымал тұлғалардың мәлімдемелерінің 80%-ы әдette саяси, халықаралық, экономикалық, қаржы, заң, әлеуметтік тақырыптар аясында (ақпараттық кеңістік конъюнктурасына, әлеуметтік сұраныстарға, мәлімдеменің жеке мақсатына, мәселенің өзектілігіне байланысты) жасалады. Сондықтан мұндай ақпараттық кеңістікте жұмыс істей отырып, ең болмағанда спикерлер көтеріп отырған тақырыптардың негізін, ұғымдардың мәнін білу керек.

### **Деректі өңдеу**

Фактчекер жұмысының маңызды бөлігіне түпдеректен алынған кез келген дерекпен жұмыс істей білу жатады. Бар ақпаратты сенімді аргументке айналдырудан өзге бұл деректі оқырманға түсінікті әрі қолайлы түрінде жеткізе білу керек. Айрышша, кәсіби терминдерге толы ақпаратты өңдеу керектігін ескерсек, бұл мәселеге ерекше назар аударған жән.

Украиналық фактчекерлердің саяси тәжірибесі риторика тақырыбын өзектілігі мен қолдану жиілігіне сәйкес жіктеуге мүмкіндік береді. Басты сала мен ортанды тәмендегідей белгілеуге болады:

- бюджет және салықты бөлу;
- тарифтер мен әлеуметтік қорғау;
- халықтың кірісі (зейнетақы, еңбекақы, субсидиялар);
- банк қызметі;
- мемлекеттің халықаралық жағдайы (саяси, экономикалық көрсеткіштер бойынша);
- инвестиция, бизнестің дамуы;
- валюта бағамының ауытқуы;
- энергетика және энергетикалық тәуелсіздік.

### **Екінші кезектегі тақырыптар:**

- экспорт-импорт;
- халықаралық қатынас;
- дипломатиялық жағдай;
- мемлекеттің жалпы экономикалық жағдайы;
- өзге елдердің жетістіктері;
- заңнамадағы заңдық коллизиялар;
- танымал тұлғалардың қылмыстық жауапкершілігі;
- аймақ мәселелері;
- тарихи тақырыптар.

Тізім көрсетіп отырғандай, сала түрі көп. Сол себептен статистикалық, деректі мәліметтерге анализ жасау барысында қате кетпеуі, қисыны жоғалмаяу және зерттеуді қажетсіз дерекпен толтырmas үшін бірнеше ережені ұстанған жән, бұл ереже №10 кестеде көрсетілген.

**№10 кесте. Ақпаратпен жұмыс істеуді оңтайландыру ережесі**

Мәселе	Оңтайлы шешім
<b>Шамадан артық цифрлы деректің болуы</b>	Графика, таблица, инфографика, схема, тизерді пайдалану
<b>Кең ауқымдағы дереккөзді, оның ішінде халықаралық дереккөздерді пайдалану қажеттілігі</b>	Барлық деректі белгісіне, жағдайына уақытына қарай бірегей параметрге, өлшемге, классификацияға келтіру
<b>Деректің кешігүі, керек ақпараттың толық болмауы</b>	Жорамалды пайдалану, жедел ақпараттық шығарылымдарын үлгілеу әдісін пайдалану
<b>Мәлімдеменің көп бағыттылығы, бірнеше саланы атап өтуі</b>	фактчек-блиц форматын пайдалану, мәлімдемені тақырыптарға бөлу, әр тезис пен дәлелді бөлекtek алу керект

***Сұрау салумен жұмыс істеу (Запрос – сұрау салу екен сөздік бойынша)***

Журналист-фактчекерлер іздеу және дәлелдік қор үшін базис ретінде пайдаланатын, мойындалған ресми ашық кәсіби ақпарат көздерінің көптігіне қарамастан, көп жағдайда қосымша дерек іздеу мүқтаждығы пайда болады. Себебі түрлі мекемелер мен министрліктердің сайттары қандай да бір мәселеге қатысты барлық деректі толық жарияладайды.

Бұл, **Біріншіден**, олардың **иелігіндегі** ақпараттың ерекшелігінде, тек шағын сарапшылар тобына ғана керек дерек болғанына байланысты.

**Екіншіден** – ақпарат құпия немесе жабық емес, тек пайдаланудың өзіндік ерекшелігі болғанына қарамастан **құжатты пайдалануға шектеу қойылған** деген таңба басылуы мүмкін.

**Үшіншіден** – бар дерекке құпия деген таңба басылmasa да оның ерекше құндылығы болуы мүмкін, сол себептен оны жарияладайды.

Жоғарыда көрсетілген мысалдардағыдан жағдайда дәлелдеу мақсатында ақпаратты пайдалану керек болғанда құзырлы органдарға арнайы ресми түрде сұрау жолданады.

Жасалатын сұраудың үлгісі мен шаблондары сол құзырлы органдардың ресурстарында болады, сұрауға жауап заңмен белгіленген уақытта келеді.

Сұрауды нақты кімге жолдау керектігін білу үшін оны жібермес бұрын құрылымның қыр-сырын біліп алу керек. Сонымен қатар саул нақты тұжырымдалған болуы тиіс. Толықанды жауап алу осыған байланысты болады, нәтижесінде зерттеудің жылдамдығы мен тереңдігі де осы қойылған сауладың нақтылығына байланысты болып шығады.

## **4.5 Жиі жіберілетін қателер – классификациясы және зерттеу нәтижесіне әсер етуі**

Алдыңғы бөлімдерде фактчек тұғырнамасы бойынша жұмыс істеу ба-рысында жіберілетін қателердің үзінділері сипатталған болатын. Алайда бұл қателерден өзге де қателер болады. Фактчек тәжірибесі мұндай қа-телерді жүйелендіру керектігін көрсетіп отыр. Осы арқылы дәлел қорын өңдеу барысында түрлі қындықтардың алдын алуға болады және үкім шығарғанда болатын қауіпті зардаптардың алдын алуға болады. Ағымдағы бөлім осы көріністі ашады. (№11 кесте).

**№11 кесте. Пайда болуы мүмкін қателердің классификациясы және оның зарда-бы**

<b>Қатенің сипатталуы</b>	<b>Зардаптары</b>
<b>Дәлел ретінде өзге БАҚ ақпаратын (егер бұл мамандандырылған ресурс болмаса) пайдалану, сарапшылардың пікірін (олар түпдерекке сүйенбей пікір айтқан жағдайда) пайдалану.</b>	Тұғырнаманың бұзылуы, аргументтердің бастапқы қателігі, субъективтік, қате үкімнің шығуы.
<b>Спикер өз мәлімдемесінде пайдаланатын ақпаратты жалған дереккөзден іздеу қысынсыздығы.</b>	Уақыт жоғалтып, нәтижесінде тақырып өзектілігінен айрылып қалу, керек ақпаратты таптай, тезистің шынайылығын анықтай алмау.
<b>Деректі қателесіп табу, қосымша дәлелдерді іздеу; тұғырнаманың негізгі талаптарынан ауытқу немесе ол талаптарды ескермеу, елемеу.</b>	Уақыт пен тақырыптың өзектілігін жоғалтып алу, деректердің жалғандығы, тезистің шынайылығын анықтай алмау, дәлелдеп бере алмау; жүргізген зерттеу жұмыстарын фактчекингке жатқыза алмау.
<b>Ақпарат көздеңі деректі, уақытты, классификация мен сипаттаманы қате түсіндіру.</b>	Аргументтердің қателігі, дәлелдей алмау, жалған үкім.

<b>Жасандылық, баға өлшемімен деректің қателігі; жарамсыз болжамдарды пайдалану.</b>	ерттеу логикасын құру қателігі, деректердің дұрыс еместігі, дәлелдей алмау, жалған үкім.
<b>Аналитиканың, аз-маз түсіндірменің жоқтығы және кестелер мен графикаға түсініктеменің болмауы.</b>	Зерттеудің көп оқылмауы, оқырмандардың мәтінді қабылдамауы, беделден айрылу (журналист, басылым).
<b>Материалда жеке пікір білдіріп, баға беру, деректен «жұлдызып алынған» субъективті пайымын жеткізу.</b>	Бейтараптылықтан айрылу, қате үкім шығару, автор (немесе басылымға) «әділ емес» деп айып тағу, сottan шағым алу, беделден айрылу (журналист, басыл)
<b>Тезисті дәлелдеу үшін басқа бір спикердің сезіне сілтеме жасап, дәлелдеген спикерді таңдау.</b>	Үкімді қате шығару.
<b>Деректің өзекті болмауы, тезис жариялаған тұлғаның айтартықтай танымал болмауы.</b>	Материалдың қызық болмауы, оқырман қызығушылығының болмауы, істелген жұмысқа қыз
<b>Материалда зерттелетін деректі қайта дәлелдеп беретін қосымша деректердің көп болуы.</b>	Зерттеудің күрделілігі оқырманға ақпаратты қабылдауға қыын соғады, сол себептен оған қызығушылық артпайды жән

## **4.6. Дәлелдеу тезистерінің түйткілді тұстары. Жүйелеу. Оңтайлан- дыру әдістері**

Болуы мүмкін қателерді ескертіп, одан болатын зардаптың алдын алу – фактчекер міндеттерінің бірі. Сонымен қатар фактчекинг нысандарын зерттеу барысында, яғни жарияланған тезис немесе мәлімдемені зерттеу барысында түрлі жағдайлар болуы мүмкін, бұл мәлімдеме мазмұнына, жариялаған дерекке немесе келтірілген аргументке қатысты мәселе болуы ықтимал. Болуы мүмкін қыындықтарды жүйелендіру және қателерді классификациялау (алдыңғы бөлімде жазылған) зерттеу жүргізу жұмыстарын жеңілдетеді, дерек іздеу уақытын азайтады және дәлел құрастыру жұмыстарын оңтайландырады. Алдымен мысалға көніл аударайық.

### **Көп мәлшердегі деректі өндөу**

#### **Тезис:**

«Қаржы орталықсыздандыруы енгізілгеннен кейін жергілікті жерлерде салмақты ресурстар пайда бола бастады. Көптеген қалалардың даму даму бюджеті 2014 жылдан бастап екі есе өсті...».

#### **Үкім: ЖАРТЫЛАЙ ШЫНДЫҚ**

2014-2016 жылдар аралығында тек 11 облыс орталығында даму бюджеті екі есе және одан да көп өсті. 7 қалада өсті, бірақ екі есе емес. Ал 4 қаланың бюджеті өсуден бұрын айтарлықтай төмөн түсіп кетті.

#### **Түсіндіру**

**Тезиспен жұмыс істеу барысында жалпы бюджет және 22 қаланың жеке бюджеттері зерттелді.**

#### **Негізгі дереккөздердің толық емес мәліметтері**

#### **Тезис:**

«A» қаласының даму бюджеті 1 адамға шаққанда «B» қаласымен салыстырғанда 2,5 есеге, ал «N» қаласымен салыстырғанда 2 есеге және мемлекеттің «C», «D» және басқа қалаларының даму бюджетінен одан да көп...».

## **Үкім: ЖАЛҒАН**

«A» қаласының даму бюджеті 1 адамға шаққанда 2,5 есеге емес, 1,6 есеге көп. «B» қаласында бұл 1 448 грн., ал «A» қаласында – 2 276 грн.

Алайда оның мөлшері «C» қаласының көрсеткішінен 23 есе көп, ал «D» – 53 есе, «N» қаласынан – 23 есе асып түседі.

\*\* Көрсеткіштер жергілікті билік органдарының қосымша қаулылардың есебімен, негізгі бюджет құжаты қабылданғаннан кейін түзетілген.

## **Түсіндіру**

**Сайттарда жарияланатын деректердің жүйесіздігі, құжаттардың сарапануы бұл деректерді ұсақтандырып жібереді, сол себептен көрек статистикалық деректі бір құжаттан табу қыын. Осылан байланысты көрсетілген тезисті зерттеу барысында бюджет құжаттарынан өзге қалалардың қаржы жоспарына өзгертулер енгізілген қаулылар қарастырылды.**

## **Спикердің «озық» деректерді пайдалануы**

### **Тезис:**

«Тауарлардың ҚҚС былтырғы жаздан орта есеппен 9-11 млрд. деңгейінде болған. ...Наурызда ең жоғары көрсеткішке жеттік – біз 16 млрд грн ҚҚС жинап алдық...».

## **Үкім: ЖАРТЫЛАЙ ШЫНДЫҚ**

2016 жылдың наурызы шын мәнінде ҚҚС жинау бойынша ең жоғарғы көрсеткішке ие болған ай болды, мемлекетке әкелінген тауарлардан 16 млрд грн. жиналды.

Алайда 2015 жылдың маусымынан бастап орташа бір айлық есеп – 9-11 млрд грн емес, 12,9 млрд грн. тең, (шілде айының көрсеткіштерін есептемегендеге).

## **Түсіндірме**

**Спикер мемлекеттік ресми органдардың ресурстарында әлі жарияланбаған деректерді пайдаланды, әдетте мұндаидарек бір-екі ай кешігіп жарияланады. Сол себептен көрсеткіштердің өзгеру динамикасын зерттеу незінде спикер көрсетіп отырған өткен айлардағы орташа есептерді (көпшілікке жария болған) ескере отырып, спикер сілтеме жасап отырған, бірақ көпшілікке көрсетілмеген деректердің болуы мүмкін орташа есебі шығарылды.**

**Сайтқа жарияланған көрсеткіштерді салыстыру нәтижесінде бұл көрсеткіштер фактчекер болжалау арқылы тапқан дерекке сай болып келді. Фактчекер мұндаидарек жетістікке қол жеткізбеген жағдайда, то-лықтыру, анықтау немесе жоққа шығару материалдары шығу керек,**

**үкімді қайта шығару қажеттілігі туындауды.**

### **Дерек және өлшемді шартты түрде нақтылау**

#### **Тезис:**

«Бұғынгі күні мемлекет парламенті тиімді жұмыс істейді. Парламент аптасына 30-40 заң жобасын қабылдайды».

#### **Үкім: ЖАЛҒАН**

Осы сессияның 3 айында парламент 43 заңды, 196 қаулыны қабылдай алды. Депутаттар орташа есеппен алғанда пленарлық аптада 7-ге жуық заң қабылдайды. Парламент жұмысының тиімділігі өткен сессиядағы жұмыспен салыстырғанда төмендеген.

#### **Тұсіндірме**

**Спикер нақты тиімділік өлшемін, не уақыт, не сан жағынан көрсеткіштерді белгілемеген, тек болуы мүмкін зерттеу бағытын белгілеген. Дәлірек айтқанда: қабылданған құжат саны. Мұнымен қоса тезистің анықтамасы жоқ: бұл осы шақырылымдағы депутаттар өзірлеген құжаттар ма, әлде бұрынғы шақырылымдағы депутаттар ма; бір сессияда ма, әлде бірнеше сессияда ма?** Тезис салыстыруға келетін уақытты белгілемеген. Сол себептен салыстыру үшін қазіргі парламенттің соңғы сессия (спикер «бүтін» деген сөзді пайдаланды) мен өткен шақырылымдағы парламенттің соңғы сессиясын алдық.

### **Тұсініктің қилюласуы, уақытша белгісіздік**

#### **Тезис:**

Мемлекеттің «A» еліне жасалатын экспорт көлемі 32%-дан 8,5%-ға түсіп кетті.

Ең алдымен мемлекет «BV» одағының нарығын игере бастады. Соңғы жылда жалпы тауар көлемінде «BV» үлесі 34%-дан 41,5%-ға өсті. Жалпы мемлекеттегі тауар экспортының төмендеуіне байланысты «BV» одағының жеке экспортты өсіп отыр...».

#### **Үкім: ЖАЛҒАН**

Тауар экспортындағы «BV»-ның жылдық үлесі және мемлекет қызметі 33-34%, ал «A» мемлекетіне – 16-17%, салыстыратын болса, басталған айға байланысты болады.

Мемлекеттің «BV» одағына беретін жеке экспортының жылдық көлемі, соңғы ресми деректер бойынша, өсіп жатқан жоқ, керісінше, төмендеп жатыр.

## **Түсіндірме**

**Спикер жариялаған мәлімдемеде түсініксіз ақпарат бар, бұл:**

– «А» еліне мемлекеттік экспорт деген ұғымның ауқымы. Бұл жерде шетелге сатылған тауарлар ғана есепке алына ма, әлде оған тауар және қызмет те кіре ме?

– уақыт шеңберінде, себебі «соңғы жылды» деген сөз тіркесі пайдаланады. Спикер 2015 жылды 2014 жылмен салыстырды ма, әлде мәлімдеме жасалған 12 айдан бергі уақыт па?

Тезисті сараптап, зерттеу үшін экономикалық анализға қара-ма-қайшы келмейтін болжамдар жасалды. Дәлірек айтқанда:

– «мемлекеттік экспорт» түсінігі жан-жақты зерттелді, яғни тауар және қызмет;

– мемлекеттен шығатын тауар экспорты мен қызмет экспорты жайындағы деректі мамандырылған мемлекеттік сайттан алдық;

– «А» мемлекетіне және «BV» одағына бір уақытта жіберілетін мемлекеттік экспорт пропорциясын салыстырдық.

## 4.7. Фактчек стилистикасы, мақала атауының формуласы

2 бөлімдегі **Фактчекинг – қолжетімді форматтағы аналитика параграфында** атап көрсетілген журналист-фактчекер дәлелдермен жұмыс істеу барысында негізінен кәсіби мамандандырылған дереккөз ақпаратына сүйенеді. Бұл дереккөздер кәсіби терминологияға толы, оны түпнұсқа түрінде оқырманға оқып білу қыын. Журналист міндеттерінің біріне ақпарат, дерек жинап, қысынына келтіріп жеткізуден өзге оны кең ауқымды оқырманға түсінікті болу үшін стилистика жағынан түсінікті етіп жазу да кіреді. Сол себептен жазу стиліне назар аударған жөн. Ол іскер форматтың басты ерекшелігіне сай болу керек. Дәлірек айтқанда:

- ақпараттық;
- тұжырымдардың дәлдігі және стандарт болуы;
- алғашқы дерек көзінен дәйексөз келтіру (керек жағдайда);
- сейлемдердің және тұтас алғанда жалпы мәтін логикасының айқын болуы;
- пікір айту барысында эмоцияның болмауы;
- баға беруден қашу.

Алайда фактчекинг қолжетімді форматтағы аналитика болғандықтан, мынадай кеңес береміз:

- ойды тұжырымдауды стандарттаудан қашу керек, алғашқы дерек көзінен дәйек сөзді алу барысында бұл түсінікті болу керек;
- ақпараттылық деңгейі логикалық дәлел құрастыру үшін ыңғайлы болу керек және зерттеуді қосымша деректермен, құжаттық немесе цифрлы деректермен көбейтпеу керек;
- мүмкіндігінше қағазbastы, кәсіби сөз тіркестерді азайтып, барлығына түсінікті сөздерді, синонимдерді пайдаланған жөн;
- қарапайым сөздерді пайдалану керек, үстегерді, көсемшелік орамдарды керек жағдайда ғана пайдаланған дұрыс.

Фактчекинг форматтың стилитикалық ерекшеліктерімен толығырақ Б қосымшасынан білуге болады.

Фактчек-материалдары атауларының форматына байланысты айтатын болсақ, олар мынадай талапқа сай келу керек:

**«Мақаланың атауы әңгімелеп айтып беретіндей стильде болу керек, оқырманды әдемі сөз тіркестерімен емес, оғаштығымен тарта білу керек».**

Мақала атауы қоғам назарына ілігетіндей болу керек, яғни атауына спикер тезисіндегі ерекше деректі шығару керек. Сонымен қатар, мақала атауында шығарылған үкімді қамту керек.

**Мақала атауының ұлгілері :**

**«Халық депутаты Еуродақпен жүргізілетін сауда көрсеткіші жайында жалған айтты»**

**«Комитет жетекшісі парламент сайлауы барысында шын мәнінде қалай дауыс бергені туралы шындықты айтты»**

**«Премьер-министр ең төменгі мөлшердегі зейнетақы алатындар санын білмейтінін тағы көрсетті»**


**«Халық депутаты мемлекет экономикасының деңгейі төмендегені туралы жалған айтты»**

**«Президент мемлекеттің өсу көрсеткіштерін тағы да өз пайдасы үшін пайдаланып, экономикалық түсініктерді шатастырды»**



5-БӨЛІМ

## ФАКТЧЕК АҚПАРАТТЫҚ ӘНІМДЕРІ





## 5-бөлім. Фактчек ақпараттық өнімдері

Танымал тұлғалардың саяси риторикасын жүйелі түрде талдауға келгенде, белгілі бір уақытта (апта, ай, тоқсан) айтартықтай көлемдегі мәлімдемелерді зерттегендеге түрлі тақырыптағы ақпарат жиналып қалады, осы ақпаратты жүйелеп, **фактчектің** субеніміне айналдыруға болады.

Сонымен қатар фактчектің өзіне, жұмыс жүйесі ретінде үлгілеу, түрлі бірқылыш формат ойластыру арқылы түрлі формаларды пайдалануға болады. Украиналық **фактчек** ресурстар ойлап тапқан форматтарды қарап көрейік.

### Рейтингтер


Танымал тұлғалардың немесе саяси партиялар мен басқа да бірлестіктің мәлімдемелерін жүйелі зерттеу арқылы олардың шешендейтін өнеріне шығарылған үкіміне байланысты рейтинг жасауға мүмкіндік береді. **FactCheck-Ukraine** ресурсы тұлғалардың, саяси партиялардың, басқа да бірлестіктің «Жалған-Шындық» атты апталық, айлық рейтингін жасаған. Бұл рейтингте тұлғалардың, партиялардың апта, ай ішінде қанша пайыз жалған, шындық және жартылай шындық айтқаны көрсетіліп отырады.

Мұндай рейтингті жүйелі түрде жариялау арқылы саяси риториканың шынайылығын көруге болады.



**Ред. ескерту.** Статистика бойынша, 13 желтоқсан мен 19 желтоқсан аралығында айтылған мәлімдемелер саны: 1 мәлімдеме (қызыл түспен боялған) немесе 15%; жартылай шындық; 2 мәлімдеме (сары түспен көрсетілген) немесе 35%; шындық – 3 мәлімдеме (жасыл түспен көрсетілген) немесе 50%.

## Рубрика – «Великі комбінатори»



**Петро  
Порошенко**



48%  
38%  
22%

«Майже 3% ВВП на оборону – це багато в порівнянні з ледь-ледь 1%, яким легковажили уряди ще в середині нульових років»



**Володимир  
Гройсман**



55%  
26%  
19%

«Після запровадження фінансової децентралізації на місцях з'явились серйозні ресурси. Бюджети розвитку багатьох міст з 2014 року зросли практично вдвічі...»

**Ред. ескерту.** «Ұлы комбінатор» айдары. Көрсетілген уақытта Петр Порошенкоң мәлімдемелерінің 40%-ы жалған, 38%-ы – жартылай шындық, және 22%-ы – шындық. «ЖІӨ 3%-дайы қорғанысқа бөлінген, бұл 2000 жылдардың ортасында әрек ғаландарде бөлінген 1%-дан алдеқайда көп», – деп мәлімдеді Порошенко.

Украинаның қазіргі премьер-министре Владимир Гройсманың мәлімдемесінің 55%-ы жалған, 26%-ы – жартылай шындық, және 19%-ы – шындық. Рейтингті құрастыру барысында оның айтқан ең жаман мәлімдемесі: «Қаржы жекеленуінен кейін жергілікті жерлерде қомақты қаржы табылды. Қолтеген қалалардың даму бюджеті 2014 жылы екі есеге дейін өсіті...».

### Инфографика

Алдыңғы бөлімдерде көрсетілгендей, инфографика (кестелер және жай графикалар сияқты) кең ауқымдағы оқырманға құрделі ақпаратты жеткізуіді жеңілдетеді (төменде мысалдары бар).


Сонымен қатар, инфографика зерттеудің негізгі құрамасы болып келеді, ол жеке өнім де бола алады. Бұл фактчек-ресурс оқырманға өзекті ақпарат алғанымен, оны тезис үшін пайдаланбайтын жағдайда іске асырады.

Мұндан инфографика ресурсты Интернетте алға жылжытатын тетік ретінде қолданылуы мүмкін.

**Фактичне споживання м'яса громадянами  
України в 2010 - 2015 роках, кг / рік**



**НОРМИ ОДЯГУ ЗА СПОЖИВЧИМ КОШИКОМ (КАБМІН УКРАЇНИ, на 4 роки)**



**Ред. ескерту.** Инфографикалық құралмен Украина азаматтарының 2010-2015 жылдары аралығында ет жеу динамикасы көрсетілген және 2000-2016 жылдар аралығындағы Украина азаматтарының тұтыну қоржынындағы кейбір әйел және ер азаматтарының күймдерінің өсу көрсеткіші көрсетілген.

## **Тизерлік роликтар**

Фактчектің бұл субенімін **VoxCheck** ресурсы енгізіп, белсенді пайдаланып жүр. Қысқа бейнекөріністе танымал тұлғаның мәлімдемесі, жоққа шығаруы мен үкімі беріледі. Мұндай формат өте ыңғайлыштың және оқырманға түсінікті. Сонымен қатар, мұндай роликтерді белгілі бір каналдар арқылы ресурсты жарнамалау үшін қолдануға болады.

## **Саяси карикатура**

Зерттеу өткір болу үшін жексүрын тұлғаларға немесе олардың өтірік айтатынын көрсету мақсатында, мәлімдемелерінің манипуляциялық екенін көрсету үшін **FactCheck-Ukraine** ресурсы саяси карикатура форматын енгізген (төменде үлгісі бар).



## Рубрика «Святі благодійники»



**Юрій Бойко**

«На жаль статистика показує, що наші люди, громадяни України, стали менше вживати м'яса, тваринних жирів, пірше годуватися, я вже не кажу про одяг...»




**Ред. ескерту.** Українаның вице премьер-министру Александру Вилкулу «Элем бойынша, екпе егудің ең тәменді көрсеткіші Украинада: тек 30%-ы қызылшадан, 10%-ы гепатиттен және 13%-ы көк жәтел мен сіреспеден алды» деп мәлімдеме жасап, «Сіздер солай өмір сүріңдер» айдарының кейіркерлері болды.

Жоғары Рада депутаты Юрий Бойко – «Қасиетті жағымпаз» атты айдардың кейінгері болды. Жартылай шындыққа жататын мәлімдемесін ол былай деп жеткізді: «Өкініши болса да, біздің адамдар, Украина азаматтары етті аз жей бастады, жануар майларын аз пайдалана бастады, мен киім туралы айтпай-ақ қояйын...».

Алайда мұндай форматты «шыдамды емес», «біржақты» деген айыптағылмас үшін салмақты түрде пайдаланған жөн.



# ҚОСЫМШАЛАР





## ҚОСЫМШАЛАР

### A. Қосымшасы: Фактчекинг қалыптамасы

- **Фактчекер** саяси жалдамалы тұлға болмауы тиіс. Сол себептен оның мақсаты – саяси көзқарасына қарамастан кез келген тұлғаның жа-саған мәлімдемесінде манипуляция, популизм, шындыққа жана спайтын ақпарат бар-жоқтығын тексеру болып келеді.
- Фактчекердің мақсаты жалған ақпаратты іздеу емес, айтылған де-рек шындыққа қаншалықты жанасады, мәлімдеме барысында манипуля-тивтік техника мен популисттік тезистер қолданылды ма – осыны анықтау.
- Мәлімдемелерде бар ақпараттың шынайылығын анықтау үшін фактчекер тек ресми мемлекеттік ақпарат көздеріне, сенімді халықаралық ұйымдардың, мемлекеттік органдардың ресми жауабына, сарапшылар-дың алғашқы дереккөзге сілтеме жасаған түсіндірмесіне сүйенеді.
- **Фактчекер** ақпарат жинау үшін, дерекқор негіздеу мақсатында бейресми деректерге, субъективті пікірге, болжамдарға (егер олар үлгілеу әдісі ережелеріне сай келмесе), айыптауларға жүгінбайді.
- Кез келген фактчек-ресурсының редакциялық саясатында де-рекпен жұмыс істеудің, дерек жинау әдісінің, зерттеу логикасы, үкім шыға-ру өлшемінің нақты ережелері (оқырманға түсінікті сипатталған өлшем-дер ережелері) болуы тиіс. Редакциялық саясат ережелері жұршылыққа көрінетін жерде жариялануы тиіс.
- Фактчекер таңдалған тақырыпқа, салаға байланысты зерттеу жүр-гізу үшін ақпарат көздерін өз бетімен таңдайды.
- Кез келген **фактчек-ресурс** зерттеу жүргізу мақсатында халықара-лық ұйымдар мен сарапшыларды шақыруға, отандық және шетелдік түрлі ақпараттық немесе сараптамалық құрылымдардың мамандарын шақыра отырып, сарапшы топ құруға құқылышы.
- **Фактчек-ресурсы** жинақталған ақпарат негізінде түрлі саяси тұлғалардың **жалған – шындық рейтингі** сияқты түрлі ақпараттық өнім шығарға алады. Мұндай рейтингтердің көп болуы, танымал тұлғалардың мәлімдемелері манипулятивті көпірме сөзге толы екендігін немесе жалған ақпаратқа толы екендігін көрсетеді.
- Кез келген **фактчек-ресурс** танымал тұлғалардың мәлімдемелері-не ашық зерттеу негізінде үкім шығаруға құқылышы. Үкім өлшемі фактчек-ре-сурсының редакциялық саясатымен белгіленеді. Егер танымал тұлға (не-месе оқырман) шығарылған үкіммен келіспесе, үкімді жоққа шығаратын ақпарат ұсынылғаннан кейін, ұжым келісімімен үкім арнайы белгімен өз-герпіледі.

## **Б. Қосымшасы: Фактчекинг материалдарының стилистикалық ерекшеліктері**

1. Сараптамалық зерттеу барысында фактчекинг материалдарының тұжырымдамалық үлгісін пайдалану керек. Үлгіні ұжым таңдап, шешеді. Зерттеу барысында жиналған дерек алдын ала келісілген форматқа сай болмаса үлгі түрін өзгертуге болады. Бұл өзгертулер туралы шешімді құллі ұжым қабылдайды.

2. Әзірленген материалдағы сөз көлемі алдын ала келісілген үлгі формасына сай болуы керек. Редакция ұжымының келісімімен ерекшеліктер болуы ықтимал.

3. Инфографиканы пайдалану барысында редакция ұжымы мақұлдаған үлгілерді пайдаланған жөн.

Барлық графикалық бейнелеулер белгіленеді және қол қойылады.

Кестелер «кесте» сөзімен белгіленеді, бейнесінің үстінен қол қойылады.

Кестелердің атауы «Не? Қайда? Қашан?» сұрақтарына жауап беруі тиіс. Географиялық бейнелеулер «карта» сөзімен белгіленеді.

Кесте мен инфографикада дереккөзі көрсетіледі.

4. Материалды әзірлеу барысында құрылым талаптарын орындаған жөн.

**FactCheck-Ukraine** үлгісімен төмендегідей мағыналы блоктар белгіленген:

- мәлімдеме;
- қысқаша түсіндірмесі бар үкім;
- мәселе мәнісі – мәселенің қысқаша түсіндірмесі;
- дерек пен аргументтер – зерттелетін деректің дәлелдік қоры.

5. Үкімге берілетін түсініктемеде ең басты ойды жеткізетін қысқа сөйлемдер «Зерттеуге сай...», «Анықталған дерек бойынша...», «Анализ көрсеткендей..»

6. Материалды әзірлеу барысында ашық дереккөздерінен алынған ақпарат аз болса, онда фактчекер керек мекемеге сауал жолдайды. Белгілі бір уақыт аралығында жауап алу процесі бақыланып отырады. Сауал жіберу арқылы әзірленген материалда «ақпарат сұрау салу арқылы алынған...» деп көрсету керек.

7. Бұрын жарияланған материалдан алынған дерек болса, онда ол материалға көп сілтеме жасау керек. Ондай жағдайда «Бұдан бұрын белілі

болғандай...», «Бәленше күні жарияланған материалда былай деп көрсетілген..», деген сөз тіркестері пайданылады.

Белгілі бір адам аз уақыт ішінде бірнеше мәлімдеме жасап, түрлі деректерді пайдаланған жәйттер болған. Ондай жағдайда бірінші мәлімдемеге жасалған зерттеу, екінші мәлімдемені жоққа шығару үшін пайдаланылады. Егер үшінші мәлімдеме пайда болып қалса, онда дәлелдеу үшін деректі салыстыру әдісін пайдалануға болады.

**8.** Материалды дайындау стилі – іскерлік, ұстамды. Текстте баға беруге болмайды, автордың болған оқиғаға, мәлімдеме авторына қатысы болмауы тиіс. Ауызекі әңгімеде айтылатын сөздер, жаргон-тенеулер болмауы тиіс.

**9.** Мәтінді жазу барысында сөйлем құрылымы мүмкіндігінше қаралайым болуы тиіс. Құрделі сөйлемдерді мүмкіндігінше пайдаланбаған жөн.

**10.** Материалды әзірлеу барысында зерттелетін мәлімдемені қайталап жоққа шығаратын деректер мен мәліметтерді пайдаланған дұрыс. Материалды қосымша дерекпен толықтыруға болмайды. Бар деректі қысқаша, нақты түрде туғындағы болады.

**11.** Дәлелқор жинау барысында қысқаша-нұсқаша қағидасы пайданылады. Бұл өз кезегінде оқырманды қызықтырып, материалды соңына дейін оқуға итермелейді.

Бұл шарттар орындалмаған жағдайда материалға сенім азайып, материал көп оқылмауы ықтимал.

**12.** Салыстыруға келгенде әр өлшем өз мәлшерімен белгілену керек. Мәселен, пайыз, пайызбен, тонна тоннамен, валюта болса, сол валюта категориясымен. Уақыт мезгілін салыстыру барысында соған сай келетін уақыт мәлшерін пайдаланады.

Редакциялық безендірудің техникалық қысқартулары былай болады:

– үлкен сандар қысқартылуы млн, млрд, трлн (қысқарту соңында нұктесіз);

- валюта арнайы белгімен көрсетіледі, сан жазылады, сосын белгі;
- пайыз белгісі алдына бос орын қалдырады;
- онға дейінгі сандар әріппен жазылады (даталардан өзге);
- 21 245 млн форматындағы сандар – 2,1 млрд деп жазылады;
- нұктеден кейін екі саны бар сандар ондыққа дейін айналдырады – 3,783 млн былай жазылады 3,8 млн;
- 14789,67 формасындағы сандар бос орын қалдырылып жазылады.– 14 789.

**13.** Барлық құжат және статистикалық деректерге гиперсілтеме «қосылады».

**14.** Егерде фактчекер (немесе редакция ұжымы) өзекті мәселе тапса, алайда бұл мәселе танымал тұлғалардың мәлімдемелерінде айтылmasа, онда редакция өзі қоғамдық маңызы бар мәселені көтереді. Ары қарай фактчекер қабылданған схема бойынша зерттеу жүргізеді.

**B. Қосымшасы: Қазақстандағы ашық ақпарат көздері (тізімді factcheck.kz ресурсы ұсынып отыр)**

<b>Дереккөздің аты</b>	<b>Алауға болатын ақпарат</b>
ҚР Парламентінің сайты <a href="http://www.parlam.kz/kk/mazhilis/transcripts">http://www.parlam.kz/kk/mazhilis/transcripts</a>	Мәжіліс отырысының барлық стенограммасы
ҚР Парламент Сенатының сайты <a href="http://www.parlam.kz/kk/senate/transcripts">http://www.parlam.kz/kk/senate/transcripts</a>	Сенаттағы жалпы отырыстардың барлық стенограммасы
ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті <a href="http://www.kgd.gov.kz/ru/services/taxpayer_search">http://www.kgd.gov.kz/ru/services/taxpayer_search</a>	ҚР барлық салық төлеушілері туралы ақпарат (жеке және заның тулғалар) және олардың салық төлемдері туралы
Whoiz.kz	Домендердің иелері туралы және олардың локациясы жайында ақпарат
ҚР Ұлттық банкі <a href="http://www.nationalbank.kz/?docid=3222&amp;switch=russian">http://www.nationalbank.kz/?docid=3222&amp;switch=russian</a>	Үлескер тұлғалардың тізімі
KASE, Қазақстан қор биржасы Kase.kz <a href="http://beta.kase.kz/ru/">http://beta.kase.kz/ru/</a>	Биржада болған сауда ақпараты 1995 жылдан бері жүргізіліп келе жатқан, қарсы есеп және үлестес тулғалар мен компаниялар мен қор нарығындағы мүшелер.

ҚР Қаржы министрлігі Қаржылық есептілік Депозитарийі <a href="https://www.dfo.kz/">https://www.dfo.kz/</a>	Жылдық қаржы есебі және қазақстандық коммерциялық компаниялардың аудиторлық есептері туралы ақпарат.
Ашық деректер (жүйеге кіру үшін электронды цифрлы қолтаңба керек – ЭЦҚ)  <a href="https://data.egov.kz/">https://data.egov.kz/</a>	Орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдар, салықшылар дайындаған деректер.
Ашық бюджеттер (бұл сервиспен жұмыс істей үшін ЭЦҚ керек)  <a href="https://budget.egov.kz/">https://budget.egov.kz/</a>	Бюджеттік бағдарламалар мен бюджеттік есеп
Ашық диалог (бұл сервиспен жұмыс істей үшін ЭЦҚ керек)  <a href="https://dialog.egov.kz/">https://dialog.egov.kz/</a>	Орталық мемлекеттік органдармен жергілікті атқарушы органдармен диалог жүргізетін орын.
ҚР Жоғарғы соты. Сот кабинеті  <a href="http://office.sud.kz/">http://office.sud.kz/</a>	ҚР сот органдарының электронды сервисіне қол жеткізетін жалғыз дереккөз

#### Г. Қосымшасы: Ашық деректің халықаралық көздері

Дереккөзінің атауы	Алуға болатын ақпарат
<b>Global Financial Integrity</b>  <a href="http://www.gfinintegrity.org/">http://www.gfinintegrity.org/</a>	Көлеңкелі экономика, оффшорлар
<b>Transparency International</b>  <a href="http://www.transparency.org/">www.transparency.org/</a>	Мемлекеттердің жемқорлықты қабылдау индексі
<b>Index of Economic Freedom</b>  <a href="http://www.heritage.org/">http://www.heritage.org/</a>	Бизнесті жүргізу еркіндігінің индексі, елдердегі кәсіпкерлік жағдайы

<b>Дүниежүзілік банк тобы Doing business</b> <a href="http://www.doingbusiness.org/">http://www.doingbusiness.org/</a>	Бизнесті жүргізу еркіндігінің индексі, елдердегі кәсіпкерлік жағдайы
<b>Trading Economics</b> <a href="http://ru.tradingeconomics.com/">http://ru.tradingeconomics.com/</a>	Әлем елдерінің макроэкономикалық, көрсеткіштері (ЖІӨ өсу, көрсеткіштері, жұмыссыздық деңгейі, инфляция деңгейі, сауда балансы, мемлекеттік қарызы)
<b>Халықаралық валюта қоры</b> <a href="http://www.imf.org/">http://www.imf.org/</a>	Мемлекеттер бойынша экономикалық шолу: қаржы саясаты, сыртқы міндет, салық секторы, айырбастау бағамы, инфляция
<b>Дүниежүзілік банк</b> <a href="http://www.worldbank.org/">http://www.worldbank.org/</a>	Әлем елдерінің макроэкономикалық, көрсеткіштері (ЖІӨ, инвестициялар, өмір сүру үзақтығы)
<b>Дүниежүзілік экономикалық форум</b> <a href="https://www.weforum.org/">https://www.weforum.org/</a>	Мемлекеттердің бәсекелестік индексі
<b>OECD</b> <a href="http://www.oecd.org/">http://www.oecd.org/</a>	Әлем елдеріндегі макроэкономикалық жағдайдың анализі (инвестициялық тартымдылық, салық саясаты)
<b>Word press freedom Index</b> <a href="https://rsf.org/">https://rsf.org/</a>	Сөз бостандығының индексі
<b>TJN</b> <a href="https://www.teacherjobnet.org/">https://www.teacherjobnet.org/</a>	Мемлекеттердегі салық, салу анализі, банк құпиясының сақтайтын оффшорлық аймақ индексі
<b>World Happiness Report</b> <a href="http://worldhappiness.report/">http://worldhappiness.report/</a>	Мемлекеттер бойынша, әл-ауқат индексі
<b>BTI</b> <a href="https://ec.europa.eu/">https://ec.europa.eu/</a>	Әлем елдерінің саяси даму индексі

<b>IIASA</b> <a href="http://www.iiasa.ac.at/">http://www.iiasa.ac.at/</a>	Әлем бойынша жер ресурстарының сапасы мен саны жөніндегі статистика
<b>Евростат</b> <a href="http://ec.europa.eu/eurostat">http://ec.europa.eu/eurostat</a>	ЕО-дағы негізгі макроресеткіштер бойынша статистика (ЖІӨ инфляция, жұмыссыздық және т.б.)
<b>NGO: Energy Policy Group</b> <a href="http://energywatchgroup.org/">http://energywatchgroup.org/</a>	ЕО-дағы энергетикалық нарық статистикасы, газ нарығы
<b>ОПЕК</b> <a href="http://www.opec.org/">http://www.opec.org/</a>	Мұнай өнімдерін сату, табу
<b>Интерпол</b> <a href="https://www.interpol.int/">https://www.interpol.int/</a>	Әлемдік қылмыспен құрек жүргізу
<b>Дүниежүзілік сауда үйімі</b> <a href="https://www.wto.org/">https://www.wto.org/</a>	Халықаралық сауда, сауда қатынасы
<b>Еуропадағы Қауіпсіздік және Ұнтымақтастық Үйімі (ЕҚҮ)</b> <a href="http://www.osce.org/">http://www.osce.org/</a>	Қауіпсіздік жөніндегі Еуропалық миссия
<b>Біріккен Ұлттар Үйімінің өнеркәсіп дамуы жөніндегі үйімі (ЮНИДО)</b> <a href="http://www.unido.org/">http://www.unido.org/</a>	Өнеркәсіп даму және халықаралық өнеркәсіп ұнтымақтастығы
<b>Дүниежүзілік денсаулық сақтау үйімі</b> <a href="http://www.who.int/">http://www.who.int/</a>	Медицина, аурулар, инфекциялар, дәрі-дәрмекті сатып алу
<b>ЕО (ресми сайт)</b> <a href="http://europa.eu/">http://europa.eu/</a>	ЕО экономикалық және саяси өмірінің ақпараты: Заңнама, ауыл шаруашылығы, бизнес, туризм, Еуропалық одақ елдерінің статистикасы

<b>World oil and gas review</b>	Мұнай мен газ бағасының әлемдің статистикасы
<a href="https://www.eni.com/">https://www.eni.com/</a>	
<b>EF English proficiency index</b>	Ағылшын тілін меңгерген елдер рейтингі
<a href="http://www.ef.edu/epi/">http://www.ef.edu/epi/</a>	
<b>Stratfor</b>	Геосаясм анализ, аймақтардың даму жорамалы
<a href="https://www.stratfor.com/">https://www.stratfor.com/</a>	
<b>Fitch</b>	Мемлекеттік қорлар рейтингі
<a href="https://www.fitchratings.com/">https://www.fitchratings.com/</a>	
<b>Mercer</b>	Әлем қалаларының қауіпсіздік бойынша рейтингі
<a href="https://www.mercer.com/">https://www.mercer.com/</a>	
<b>Бейбітшілік мәселелерінің Стокгольм институты</b>	Қару-жарақ саудасы
<a href="https://www.sipri.org/">https://www.sipri.org/</a>	
<b>USDA</b>	Дақылдар мен азық-түлік экспорты
<a href="http://www.usda.ru/">http://www.usda.ru/</a>	
<b>ФАО (БҰҰ ауыл шаруашылығы)</b>	Ауыл шаруашылығының статистикасы
<a href="http://www.fao.org/home/en/">http://www.fao.org/home/en/</a>	
<b>Агравери</b>	Жер мәселесі мен ауыл шаруашылығының статистикасы
<a href="http://agravery.com/">http://agravery.com/</a>	
<b>NDI</b>	Сайлау процесінің бақылауы
<a href="https://www.ndi.org/">https://www.ndi.org/</a>	
<b>Center for Strategic and International Studies (CSIS)</b>	Халықаралық саясаттың сараптамалық зерттеуі
<a href="https://www.csis.org/">https://www.csis.org/</a>	

## **Д. Қосымшасы: Негізгі экономикалық түсініктер (классификациясы, белгісі)**

Түсінік	Мінездеме
<b>ЖІӨ</b>	Мемлекет экономикасының даму көрсеткіштерінің бірі, жалпы ішкі өнім өндірістің нәтижесін, экономиканың даму деңгейі мен өсу қарқының сипаттау үшін пайдаланылады. ЖІӨ – тұтыну, экспорт және жинақтау үшін мемлекет аумағында экономиканың барлық саласында бір жылдың ішінде өндірілген барлық түпкілікті тауарлар мен қызметтердің нарықтық құнының қамтып көрсететін макроэкономикалық көрсеткіш.
<b>Мемлекеттік бюджет</b>	Экономикалық процестер мен оның тиімділігін арттыру үшін мемлекеттік органдар әзірлейтін кіріс пен шығыстың жылдық балансы. Кез келген елде қаржы негізін бюджет құрайды, дәлірек айтқанда мемлекеттік бюджет және әкімшілік бірлік бюджеті.
<b>Бюджет тапшылығы</b>	Бюджет тапшылығы – бюджеттің шығыс бөлігінің кіріс бөлігінен артып кетуі. Бюджеттік тапшылық жағдайында мемлекетке өзінің функцияларын қалыпты атқаруға қаржат жетіспейді де ішкі және сыртқы қарыздарға жүгінуге тұра келеді. Мұның өзі, ең алдымен кредиттік жүйе ұйымдарына бүкіл ақша айналымының орнықтылығына теріс әсер етіп, инфляцияның, қаржылық дағдарыстың себебіне айналады.
<b>Бюджет пайдасы</b>	Бюджеттің кіріс бөлігі бюджеттің шығыс бөлігінен асып түсіі.
<b>Бюджеттің артылуы</b>	Жергілікті бюджет кірісі нормаланған шығыстан асып кетуі, осының салдарынан артық ақшаны жоғары деңгейдегі бюджетке беру.
<b>Мемлекеттің банк жүйесі</b>	Жалпы қаржы-несие тетігі аясында әрекет жасайтын түрлі үлттық банктар және несиелік мекемелер жиынтығы. Құрамында орталық банк, коммерциялық банк желілері және де басқа несиелік-есеп орталықтар бар. Орталық банк мемлекеттік эмиссиялық және валюталық саясат жүргізіп отырады және банк операцияларының резервтік жүйесінің түйіні болып келеді.
<b>Банктің төлем қабілеті</b>	Банктің өз уақытында өз міндеттін толық орындау қабілеттігі. Банктің төлемпаздығын басқару мақсаты кемшиліктің алды алуға және өтемділігін азайту. Өтемділіктің аздығы банктің төлеуге қабілетсіздігіне әкеліп соқтырады, ал оның шектен тыс болуы банктің түсімділігіне әсер етеді.

<b>Мемлекеттік қарыз</b>	Мемлекеттің өтелмеген қарыздары, міндеттемелері, несиелері және оларға байланысты төленбекен пайыздары бойынша берешегінің жалпы сомасы.
<b>Сыртқы қарыз</b>	Шетелдік кредиторлар белгілі бір қунға, белгіленген мерзімде өтеуге жататын елдің қаржылық міндеттемелерінің сомасы. Елдің сыртқы борышының болуы орынды әлемдік тәжірибе болып саналады. Алайда, оның шегі болады, ол шектен мемлекеттік борыштық артуы қауіпті бола бастайды. Мемлекеттік сыртқы қарыз алу бойынша тартылатын қаражаттардың көлемі – елдің Ұлттық банкінің таза алтын-валюта резервтерінің 50 пайызынан аспауы тиіс. Сыртқы қарыздарды қоғамда тарту кредитор-елдерге экономикалық және саяси тәуелділікке үріндіруы мүмкін.
<b>Ішкі қарыз</b>	Үкіметтің, Ұлттық банктің және жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының резиденттері алдындағы ішкі мемлекеттік қарыздары мен басқа борыштық міндеттемелері бойынша мемлекеттік борышының құрамdas бөлігі..
<b>Дефолт</b>	Міндеттемесінің барлығын немесе бір бөлігін орындауға қабілесіз компания, жеке тұлға немесе мемлекет жариялай алады.«Дефолт» термині негізінен қарыз алушы міндетті төлеу керек қарызын төлеген жоқ дегенді білдіреді
<b>Дербес дефолт</b>	Мемлекеттің мемлекеттік қарыздар бойынша қарызын өтемеуі; мемлекеттің банкротқа ұшырауы, мемлекет экономикасының басым секторларының құлдырауы, нәтижесінде сыртқы және ішкі қарыздарын төлей алмаушылыққа әкеледі.
<b>Техникалық дефолт</b>	Қарыз алушының еркіне қарсы туындалап, қарызды төлеуге мүмкіндігі жоқ болғанда анықталады. Кейін іс екі жақты келісім арқылы реттеледі. Техникалық дефолт – қарыз алушы келісім шарттарын орындаған, бірақ физикалық болашақта орынданған алатын жағдай. Келісім шарттарын орындау – пайыздық немесе негізгі қарызды төлемеу деп мәнзелуі мүмкін, сонымен қатар басқа да келісім ережесін бұзу болуы мүмкін.
<b>Алтын-валюта қоры</b>	Мемлекеттік ұлттық банкі мен қаржы органдарында сақталатын алтын және шетелдік валюта қоры.

<b>Алтын-валюта сақтық қоры</b>	Мемлекетке тиесілі, қаржы-несие органдарының қарамағында жүрген шетелдік қаржы активтерінің қоры. Жалпы алғанда Орталық банк шығарған шетелдік валюталық депозиттер мен облигациялар жиынтығы. Алайда жалпы алғанда оның құрамына валюта, алтын және SDR (арнайы қарызы алу құқығы ХВҚ шығарған) және ХВҚ-ның резерві бар. Сол себептен оларды халықаралық резерв деп атайды.
<b>Төлем теңгерімі</b>	Елдің халықаралық алыс-берісінің валюталық түсімдері мен төлемдерінің арақатынасы нысанындағы теңгерімдік шоты. Төлем балансы екі бөлімнен тұрады, олар: ағымдағы алыс-беріс сауда теңгерімі – тауарлардың экспорты мен импорттың арақатынасы; “көзге көрінбейтін” алыс-беріс теңгерімі көрсетілетін қызметтер мен бейкомерц төлемдерді қамтиды); капиталдар мен несиeler қозғалысының теңгерімі (мемлекеттік және жеке меншіктегі капиталдардың әкетілімі мен әкелінімін – халықаралық несие алу мен беруді көрсетеді).
<b>Макроэкономикалық тұрақтылық</b>	Мемлекеттік экономикалық өсімді, тұрақты бағаны, жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету әрекеті. Шын мәнісінде үкіметтік экономикалық циклдарды реттейтін жұмысы.
<b>Макроқаржылық тұрақтылық</b>	Макроқаржылық тұрақтылық деген ұғым ғылыми айналымға 1990 жылдың енген. Бұл ұғымды сарапшилар ЖІӨ-нің нақты өсуімен, инфляцияның төмендігімен байланыстырады.
<b>Энергетикалық баланс</b>	Отын мен энергияны шығару ресурстарын сипаттайтын көрсеткіштер жүйесі. Энергетикалық баланс құрамына энергетика балансынан өзге отын және жылу балансі кіреді. Сол себептен оны еркін отын-энергетикалық баланс деп атайды.
<b>Сауда балансы</b>	Тауарларды елден сыртқа шығару мен мемлекетке әкелудің арақатынасы. Бұған бірден сатылған, сатып алынған, несиеге берілген және үкіметтік көмек ретінде тегін берілген тауар бағасы жатады.

<b>Ең төменгі күнкөріс деңгейі</b>	Адам денсаулығын сақтап отыру үшін және оған керек азық-түліктің ең аз азық-түлік жиынтығы және адамның әлеуметтік және мәдени қажеттігін қамтамасыз ететін ең аз қызмет түрлері. Ең төменгі күнкөріс деңгейі екі бөліктен – физиологиялық және әлеуметтік элементтенн тұрады. Физиологиялық минимум – бұл адам өмір сүру үшін керек материалдық құндылық. Әлем тәжірибесінде мұның көлемі күнкөріс деңгейінің 80-85 пайзының құрайды, қалғаны әлеуметтік бөлігіне кетеді.
<b>Ең төмен жалақы</b>	Жұмыс берушілер заңды түрде төлей алатын ең төменгі еңбекақы. Яғни жұмысшылардың өз еңбекақысының түсіре алатын ең төменгі деңгей. Ең төменгі еңбекақы өзге де елдердің заңнамасында болғанымен, ең төменгі еңбек ақының түрлі кемшіліктері мен артықшылығы туралы пікір көп.
<b>Орташа жалақы</b>	Кәсіпорын, мекеме жұмысшының бір айлық табысы көлемін сипаттайтын экономикалық көрсеткіш. Төленген еңбекақының жалпы көлемін қызметкерлердің орташа санына бөлу арқылы анықталады.
<b>Әлеуметтік стандарттар</b>	Мемлекеттік әлеуметтік стандарттар – заңмен және басқа да нормативті құқықтық актілермен белгіленген нормамен нормативтер немесе олардың кешені негізіндегі әлеуметтік кепіл.
<b>Ақша жиыны</b>	Мемлекеттегі заңды және жеке тұлғалардың пайдалануында жүрген қолма қол ақша жиынтығы.
<b>Девальвация</b>	Үлттық қаржы бағамының төмендеуі, қаржы қорының азаюы, мемлекеттің төлейтін теңгерімі және тез арадағы сауданың төмендеуімен байланысты, үлттық ақша бірлігінің тұрақты құндылығының заңды дәрежеде төмендеуі, құнсыздануы.
<b>Инфляция</b>	Бағаның өсуінен, тауар тапшылығынан және тауарлар мен қызметтер сапасының төмендеуінен туындағын ақшаның құнсыздануы, сондай-ақ оның сатып алу қабілетінің төмендеуі.

---

**Сатып алу  
қабілеті**

Керекті тауарлар мен қызметтерден тұратын тұтыну көрзеңкесін алуға қажетті қаржыға тең болатын экономикалық көрсеткіш. Сатып алу қабілеті орташа тұтынушының қалыптасқан баға деңгейінде белгілі бір қаржыға қандай тауарлар мен қызмет түрлерін сатып ала алатынын көрсетеді. Сатып алу қабілеті тұрғындардың табыс көлемі және оның қанша бөлігінің сатып алуға кететінімен байланысты. Және бұл бағалар мен қызмет тарифтерінің көлеміне де байланысты.

---

